



05



ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ӘЙЕЛ ПРЕЗИДЕНТ

12



ЖЕТІМДЕР ҮЙІНЕН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ЧЕМПИОН

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 25 (1180), 20.06.2023

qazaq1913.com +7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88 kazakh_2006@mail.ru qazaq gazetі qazaq gazetі qazaq1913_ qazaq gazetі

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267-ші санынан қайта жаңғыртты

ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ ӨТКЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

ПРЕЗИДЕНТ АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫСТЫҢ НАҚТЫ СЕГІЗ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАП БЕРДІ



Ордабасыда ойласқан, Күлтөбеде кеңескен, Ұлытауда ұйысқан ұлағатты ұлтымыздың ұлттық мәселеде бір байламға келіп, бәтуа байласқаны тарихтан белгілі. Сол дәстүр былтыр жалғасын тапты. Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы Ұлытау облысында өтті. Екінші Ұлттық құрылтайды түгел түркінің ту тіккен түп қазығы саналатын киелі Түркістан қабылдады. Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Қазақстанның келбетін айқындап берді.

02 БЕТТЕ

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

«Сөз басында бірден атап өтейін, меніңше, Ұлттық құрылтай арқаны кеңге салып отыратын жиын емес. Сән-салтанатпен өткізетін той да емес. Бабаларымыз маңызды шешім қабылдағанда кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған» деп сөзін бастаған Мемлекет басшысы жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеу, ұлттық бірегейлікті нығайту, елдің жаңа құнды-

лықтарын орнықтыру үшін атқарылар ауқымды жұмыстардың нақты сегіз бағытын айқындап берді.

• БІРІНШІ. Мемлекеттік нышандарды жетілдіру.

Президенттің сөзінше, қазір кез келген елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол. Сондықтан оның танымалдығын арттыра түсу керек. Ол үшін бірыңғай дизайн-кодты, ортақ стандартты сақтау өте маңызды.

«Жуырда біз мемлекеттік сыйлықтарға халқымыздың біртуар перзенттерінің есімін

бердік. Әл-Фараби, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы сыйлықтар бар. Мұндай ұстаным ұлы тұлғаларымыздың есімін ел жадында сақтау үшін қажет. Сол арқылы біз олардың озық ойлары мен өнегелі істерін дәріптейміз. Шын мәнінде, ұлттық идеология осындай маңызды шешімдер арқылы қалыптасады. Сондай-ақ, тарихта өшпес із қалдырған әйгілі адамдардың есімін ұрпақ санасына сіңіру үшін керек», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев қолданыстағы кейбір ордендерді халқымыздың біртуар перзенттерінің есімімен атауды тапсырды.

• ЕКІНШІ. Ұлтымыздың тарихи санасезімін жаңғырту.

Мемлекет басшысы дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шежіресін дәріптеуге ерекше мән беретінін, бұл істе ел тарихының көп томдық жинағы басты рөл атқаратынын, Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көп томдық жинағы әлі күнге дейін жарыққа шықпағанын екінішпен айтты.

«Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі аралықты қамтитын жеті томдық жинақты әзірлеу үшін біраз шаруа атқарылды. Жиналған

материалға стилистикалық және ғылыми редакция жасалуы тиіс. Жинақты бірыңғай үлгіде безендірген жөн. Еңбекте осыған дейін жіберілген тұжырымдамалық қателіктер мен кемшіліктер қайталанбауы қажет. Бір сөзбен айтсақ, жеті томдық еңбекте еліміздің шынайы шежіресі толығымен жазылуы қажет. Көптомдықтың тілі – жеңіл, мәтіні – кез келген жастағы оқырманға түсінікті болуы керек», – деп өз ойын ашық айтқан Президент Қазақстан тарихының көптомдық жинағын келесі жылдың ортасына дейін әзірлеуді тапсырады.

03 БЕТТЕ



ҚАРАТАУДАН ҚЫЗЫЛЖАРҒА АҒЫЛҒАН КӨШ

ОҚТУСҮТІКТЕН СОЛТҮСТІК ПЕН ШЫҒЫСҚА ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ ДЕМОГРАФИЯҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?


07 БЕТТЕ



ЕРКЕК ҚОРЛАЙДЫ, МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАЙДЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН КҮШЕЙТІЛГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

11 БЕТТЕ



СОТТАҒЫ СОНЫ ӨЗГЕРІСТЕР

СОТ РЕФОРМАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНИМІН АРТТЫРА АЛА МА?

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 23 МАҰСЫМҒА АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМЫ

USD 447.40 (АҚШ ДОЛЛАРЫ) ↑ EUR 488.38 (ЕУРО) ↑ RUB 5.32 (РЕСЕЙ РУБЛІ) ↓ TRY 18.97 (ТҮРІК ЛИРАСЫ) ↓ CNY 62.24 (ҚЫТАЙ ЮАНИ) ↑ JPY 3.15 (ЖАПОН ИЕНИ) ↑ KGS 5.12 (ҚЫРҒЫЗ СОМЫ) ↓

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАБАҚША МЕН МЕКТЕПТЕРДЕ ТЕГІН ТАМАҚ БЕРІЛЕДІ

Қазақстанда биыл 1 қыркүйектен бастап балабақшаларда әлеуметтік осал топ санатындағы отбасы балалары тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің Баспасөз қызметі хабарлады.

Баспасөз қызметінің мәліметінше, күзде 9 өңірде – Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау, Павлодар, Қызылорда облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында бастауыш сынып оқушыларына да тегін тамақ беріле бастайды.

«Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында мәслихат отырысында маусым айының соңына дейін бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз етуге қатысты бюджет бекітіледі» делінген хабарламада.



«Биыл күзде Алматы қаласында қоғамдық көлікте жүру ақысын өсіру жоспарланып отыр. Өйткені, бізде 2012 жылдан бері жолаушы тасымалдау тарифі – 80 теңге. Осы 11 жылда жолақы еш өзгермеген...»

ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ,
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ

ҚАЗАҚСТАНДА 33 ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТІҢ

2,5

МЫҢ ОҚУШЫНЫ ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ ҒАНА ОҚЫТҚАНЫ АНЫҚТАЛДЫ

ХАЛЫҚТЫ ЖҮМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ТҮГЕЛ ЖАБЫЛАДЫ

ХАЛЫҚТЫ ЖҮМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ



Алдағы 1 шілдеде Әлеуметтік кодекстің күшіне енуіне байланысты елімізде Жұмыспен қамту орталықтары түгел жабылады. Олардың орнына облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда Еңбек мобильдігі орталықтары құрылады. Мұндай орталықтардың филиалы «Мансап орталығы» деген атаумен жұмыс істейді.

Еңбек мобильдігі орталықтары «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы заңы негізінде қызмет атқарады. «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас», «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларын жүзеге асырады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, қазіргі таңда 207 Жұмыспен қамту орталығы бар.

ДЕПУТАТ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚОЛДЫ БОЛҒАН МҮЛКІН ҚАЙТАРУДЫ ТАЛАП ЕТТІ



Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров Бас прокурор Берік Асылытовтың атына депутаттық сауал жолдап, Алматыдағы 94 жылдық тарихы бар Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің заңсыз шыққан активтерін оқу орнына қайтаруды талап етті.

Ерлан Бияхметұлының дерегіне сенсек, 2001-2022 жылдары 1 000 төсек-орындық 3 студенттік жатақхана, 18 828,5 шаршы метрлік 5 оқу-зертханалық корпус, 700 шаршы метрлік әкімшілік-шаруашылық ғимараттар және өзге де жылжымайтын мүлік нысандары, университет ғимараттарына иргелес шамамен 5 гектар болатын жер учаскелері, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарында орналасқан оқу-тәжірибелік шаруашылығындағы 12 гектар жер учаскелері қолды болып кеткен. Мәжілісменге деректерді аграрлық университеттің бір топ оқытушы-ғалымы берген.

«Осы ғимараттарды иеленген заңды тұлғалар оқу корпустарының аумағында тұрғын үй кешендерін салып, студент-

тердің, оқытушылардың мазасын алып, жатақханаларды қонақ үй етіп қайта жабдықтаған, караоке, басқа да ойын-сауық орындарын ашып, жын-ойнаққа айналдырған. Кейбір оқу корпустарын бизнес орталықтарға айналдырған. Университет ұжымы активтерді сату немесе оларды сенімгерлік басқаруға беру туралы барлық шешімдер ректор Тілектес Есполовтың тұсында қабылданғанын жеткізіп отыр», – деп мәселенің мәнісін айтты халық қалаулысы.

Осы ретте Ерлан Саиров Бас прокураторына аталған ғимараттардың мемлекет меншігіне қайтаруға және 2001-2022 жылдары оқу орнын басқарған шенеуніктердің заң алдында жауапкершілігін анықтауға шақырды.

ПРЕЗИДЕНТ АТҚАРЫЛАР ЖҮМЫСТЫҢ НАҚТЫ СЕГІЗ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАП БЕРДІ

01-беттен

• ҮШІНШІ. Мәдени мұраны жан-жақты дәріптеу.

Президенттің ойынша, елімізді жаңғырту үшін «жұмсақ күштің» мүмкіндіктерін тиімді пайдаланған жөн және Сыртқы істер министрлігі жанындағы «KazAID» халықаралық даму агенттігі осы жұмысқа ұйытқы болуға тиіс.

«Жаңа ғана Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова ұлттық құндылықтарды дәріптейтін кәсіпкерлерді қолдау қажеттігін атап өтті. Бұл да орынды бастама. Шын мәнінде, қазақтың мәдениеті сан түрлі саланы қамтиды. Халқымыздың ата-бабадан мирас болған мол мұрасы бар. Оны заман талабына сай жаңғыртып, жер жүзіне насихаттау керек. Мысалы, өзіміз іргесінде отырған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бай тарихымыздың символы саналады. Осы кесенеге ұлттық мәдени-тарихи ескерткіш мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізілген. Мен мұны қолдаймын», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанды Ясауисіз елестету мүмкін еместігін тілге тиек етті.

• ТӨРТІНШІ. Өскелең ұрпақ тәрбиесі.

Мемлекет басшысы адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керектігін, ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасатынын, осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағыны ретінде қарастыру қажеттігін еске салды.

«Біз жастарды жаһандандудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз. Ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға баса мән беріміз керек. Бұл салада кемшіліктер көп екені жасырын емес. Мектептегі тәрбие жұмысы ақсап тұр. Соңғы кезде оқушылардың бір-біріне қысым, зорлық-зомбылық, әлімжеттік көрсетуі жиі болып кетті. Оны, тіпті бейнеетаспаға түсіріп, әлеуметтік желіге салу «сәнге» айналды», – деп мәселенің мәнісін айтты.

Президенттің пікірінше, кейбір ата-ана балалардың тәртібіне бейтарап, селқос қарайды, тіпті жауапкершіліктің бәрін мектепке, мұғалімдерге жүктейді. Сондықтан әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс.

• БЕСІНШІ. Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту.

Масс-медиа елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала екенін мойындаған Мемлекет басшысы осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін ақпарат саясатын түбегейлі қайта қарау қажеттігін айтты.

«Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап басып шығару ісі. Қазақстан нарығында шетел өнімдері басым екені жасырын емес. Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды. Смартфон баланың қолындағы кітаптың орнын баспауы қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды, тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашуды, «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайтаруды, «Қыз Жібек», «Отырардың күйреуі», «Атаманның ақыры» сияқты классикалық фильмдерді түсіруді тапсырды.

• АЛТЫНШЫ. Мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметін сапалы жүргізу.

Қоғам тынысы әрдайым назарда болуы маңызды әрі шешім қабылдағанда жұрттың ұсыныс-тілектерін, пікірін ескеру қажет екеніне тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының мән-маңызын атқамінерлердің есіне қайта салды.

«Қазір әлеуметтік зерттеу жүргізу үшін түрлі мекемелерге қыруар қаржы бөлінеді. Бірақ, жұмыс жүйелі емес, сондықтан нәтижесі күмәнді болып шығады. Бұл жұмысты бір жерден ұйымдастырып, кешенді түрде жүргізу керек. Жалпы, талдау қызметі сапалы жүргізілсе, мемлекеттік басқарудың тиімділігі арта түсері сөзсіз. Мемлекетке кешенді түрде жүргізілген зерттеулер мен ұсынымдар өте қажет. Бұл маңызды әлеуметтік мәселелерді шешіп, елдің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Алайда, құзырлы



органдардың отандық «ақыл-ой орталықтарымен» және консалтинг компанияларымен қарым-қатынасының тиімділігі төмен. Олардың қызметіне қажет болғанда ғана жүгінеді», – деген Мемлекет басшысы тағы бір мәселенің ұшын шығарды.

Президенттің пікірінше, мемлекеттік «ақыл-ой орталықтарының» да қызметі көңіл көншітпейді. Олар нақты бір мәселемен тиянақты айналыспайды. Көбінесе бір-бірінің жұмысын қайталайды. Сондықтан сараптау-талдау қызметін тиімді жүргізетін мықты орталықтар желісі қажет.

• ЖЕТІНШІ. Еліміз үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір мәселе – шекаралас аймақтарды дамыту.

Мемлекет басшысы шетелдіктерге қазақтың бір қарыс жерін де, бір уыс топырағын да бермейтінін, оны көздің қарашығындай сақтайтынын айтты.

«Шекара маңындағы елді мекендердің ахуалы жеріміздің тұтастығына және еліміздің амандығына тікелей ықпал етеді. Шын мәнінде, бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Өкінішке қарай, ше-

кара шетіндегі кейбір елді мекенде халық саны күрт азайып кетті. Бұған бір кездегі аудандарды біріктіру жөніндегі шешімдер де ықпал еткені сөзсіз. Облыстардың ішкі аумақтық-әкімшілік құрылымында ойналатын тұстар бар. Біз бытыр Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын құрдық. Бұл шешім аймақтардың дамуына тың серпін берді», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев Қатон-Қарағай, Марқакөл және Мақаншы аудандарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

Сегізінші бағыт мемлекеттік аппараттың жұмысына қатысты болды.

«Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын қорытындылайық. Бытыр Ұлытауда, биыл киелі Түркістанда бас қосып, елдік мәселелерді талқыладық. Ел тарихында ерекше орны бар тағы бір аймақ – Атырау облысы. Ондағы әйгілі Сарайшық қаласында атақты хандарымыз ордасын тіккен. Мен Ұлттық құрылтайдың келесі отырысын осы шежірелі аймақта өткізуді ұсынғанын», – деп сөзін түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЗҰУ МЕН HUAWEI TECHNOLOGIES KAZAKHSTAN АРАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Huawei Technologies Kazakhstan» компаниясының бас директоры Чжао Сюймен кездесіп, бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады. Бұл туралы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі хабарлады.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарды қарсы ала отырып, ҚазҰУ атақты «Huawei» компаниясымен тығыз байланыста жұмыс істейтінін атап өтті.

Ынтымақтастық туралы келісім аясында ҚазҰУ базасында «Huawei» ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығы ашылған болатын. Орталық жұмысы IT және телекоммуникация саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға, бірлескен білім беру бағдарламаларын жасауға, ғылыми зерттеулер жүргізуге және инновациялық өнімдер мен шешімдер шығаруға бағытталған. Өз сөзімен серіктес ҚазҰУ «Huawei» компаниясымен серіктестікті одан әрі дамытуға ниетті екенін жеткізді.

Өз кезегінде «Huawei Technologies Kazakhstan» компаниясының бас директоры Чжао Сюй жылы қабылдағаны үшін университет басшылығына ризашылығын білдіріп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын айтты.

Кездесу барысында тараптар өзара тиімді ынтымақтастық аясында жүзеге асырылатын бірқатар ұсыныстар мен бастамаларды талқылады.

«Huawei Technologies Kazakhstan» компаниясының өкілдері сапар барысында ҚазҰУ кампусын аралап, Әл-Фараби кітапханасында болды. Сондай-ақ, университет ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалармен танысты.

1917 жылғы Қазан төңкерісінің алдында өткен санақ қорытындысынан кейін Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхам-дуллила, аз емеспіз, 6 млн қазақпыз» деп дүйім жұрттан сүйінші сұрағанын тарих растайды. Екі рет айналып соққан аштықтан сол қазақтың 2,5 миллионы қырылды, 1,5 миллионы шекара асып босып кетті. Ел есін енді жинай бастаған отызыншы жылдардың соңында қазақтың сүт бетіне шығар қаймақтары түгел сталиндік террордың құрбаны болды. Екінші дүниежүзілік соғыс та сан мыңдаған отбасын ойран етті. Ұлт басына қара бұлт үйірілген сол бір аласапыран заман мен елімізге өзге ұлттарды күштеп көшіру саясаты қазақты өз жерінде азшылыққа айналдырды. Сондықтан жері көп, халқы аз Қазақстан үшін әрқашан халық санының тұрақты өсімі өте маңызды. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін еліміздің демографиялық саясатындағы оң өзгерістерге тоқталады.

Жасулан МӘУЛЕНҰЛЫ

ЕЛІМІЗДЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ ҚАЙ КЕЗДЕ ТІРКЕЛДІ?

«Әр аштықтың бір тоқтығы болады» дейді қазақ. Азаттықтың арқасында қазақтың саны 2,3 есе артты. Мысалы, 1991 жылы елдегі қазақтың саны 6,5 млн болса, қазір санымыз (шеттегі қандастарды есепке алмағанда) 14 млн-ға жетті. Соның 1 млн-нан астамын тарихи Отанына оралған қандастар құрайды. Сонда айналдырған 32 жылда елдегі қазақтың үлесі 39,6 пайыздан 70,6 пайызға дейін жетті. Халпы халық саны да өсім көрсетті. Тәуелсіздік жарияланған жылы елімізде 16,8 млн халық тұрса, қазір үшса құстың қанаты, шапса тұлпардың тұяғы талатын жерімізді 19,8 млн адам мекендейді. Бұйыртыса, Қазақстан жыл соңына қарай 20 млн-дық межені бағындырады. Әрине, бұл ұтымды жүргізілген демографиялық саясаттың арқасында мүмкін болды.

Медальдің екі беті болатыны сияқты пандемияның демографияға қосқан үлесін де атап өтпеске болмайды. Өйткені, жаһан жұртын әбгерге салған корона-вирусқа дейінгі он жылда елімізде жыл сайынғы өсім орта есеппен 4,5 мың сәбиді құрады. Содан көзге көрінбейтін жаумен арпалысқан уақытта кәдімгідей демографиялық дүмпу байқалды. Оны статистика да растайды. Мәселен, елімізде пандемия алдындағы 2019 жылы 402,3 мың сәби дүниеге келсе, коронавирус басталған 2020 жылы 426,8 мың сәби жарық дүние есігін ашты. Індет күшейген 2021 жылы 450,4 мың сәби дүниеге келіп, демографияда тарихи рекорд орнады. Өкінішке қарай, былтыр бұл көрсеткіш бұрынғы деңгейіне қайта оралды.

Барыс жылы демографияға миграция оң әсер етті. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылы елімізге 17,3 мың адам қоныс аударды. Бұл соңғы 10 жылдағы ең жоғары көрсеткіш саналады. Былтыр 24,2 мың адамның Қазақстан азаматтығынан бас тартқаны да соңғы 32 жылда тіркелген ең төмен көрсеткіш. Тәуелсіз ел тарихында мұндай төмен көрсеткіш бұрын-соңды болмаған еді. Айталық, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда елге 6,3 мың адам артық келді, елден 7,9 мың адам кетті. Бұған Украина мен Ресей арасындағы қарулы қақтығыс түрткі болды. Неге десесіз, 2021 жылы Қазақстаннан 32,3 мың адам қоныс аударса, соның 88 пайызы Ресейден пана тапқан. Яғни, 1,5 жыл бұрын басталған соғыс қазір сыртқы көші-қон ағынын баяулатады. Керісінше елімізге қоныс аударуға ниет білдірген ресейліктердің қатары көбейді.

Айта кетейік, азаттық алған 32 жылда 4,2 млн адам елімізден көшіп кеткен. Соның ішінде 2,5 млн қазақстандық Ресей, 1 млн қазақстандық Германия, 225 мың қазақстандық Украина, 70 мың қазақстандық Беларусь, 36 мың қазақстандық АҚШ, 27 мың қазақстандық Грекия азаматтығын алған.


ШЫҒЫС ПЕН СОЛТҮСТІК ӨНІРДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҮЛЕСІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Жоғарыда 1991 жылдан бері 4,2 млн адамның елімізден қоныс аударғанын жаздық. Бұл Кувейт халқымен тең көрсеткіш. Сол үдере көшкен орыстар, немістер, украиндар мен татарлардың басым бөлігі елдің солтүстігі мен шығысында тұрды. Яғни, солтүстік, шығыс өңірлер демографиялық апатқа ұшырады. Сүреңсіз статистиканы келтірсек, соңғы 32 жылда халық саны Шығыс Қазақстан облысында 408 мың, Солтүстік Қазақстан облысында 382 мың, Қостанай облысында 363 мың, Ақмола облысында 276 мың, Павлодар облысында 195 мың адамға азайған. Әрине, ешкімді күштеп ұстай алмайсың. Тарихи отанына оралғандарға сын айту, мін тағу артық. Тірі адам тіршілігін жасайды. Содан орыстанған өңірлерді қазақландыру мен қаңырап бос қалған елді мекендердің еңсесін тіктеп, тамырына қан жүгірту басты мақсатқа айналды. Соңғы

ҚАРАТАУДАН ҚЫЗЫЛЖАРҒА АҒЫЛҒАН КӨШ

ОҢТҮСТІКТЕН СОЛТҮСТІК ПЕН ШЫҒЫСҚА ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ ДЕМОГРАФИЯҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

ТҮСТІКТЕН ТЕРІСКЕЙГЕ ҚОНЫС АУДАРҒАҒАД АЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУЛАР



жылдары демографиялық саясат соған басымдық беріп келеді.

Бір атап өтерлігі, демографиялық саясат та өзінің жемісін бере бастады. Біріншіден, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарында халық санының кемуі бәсеңдеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында 1999-2009 жылдары халық саны 129 мыңға азайса, 2012-2022 жылдардағы көрсеткіш 44 мың адамды құрады. Тіпті, Ақмола облысында халық санының өсу қарқыны байқалады. Былтыр Ақмола жұрты бір жылда 50 мыңға көбейді.

Екіншіден, солтүстік пен шығыста қазақтың үлесі артты. Тоқсаныншы жылдардың басында қазақтың үлесі Солтүстік Қазақстан облысында 22,6 пайызға, Қостанай облысында 22,8 пайызға, Ақмола облысында 25,1 пайызға, Павлодар облысында 28,5 пайызға, Шығыс Қазақстан облысында 38,9 пайызға әрең жеткен еді. Қазір көрсеткіш біршама жақсарды. Мәселен, қазақтың үлесі Солтүстік Қазақстан облысында 37,5 пайызды, Шығыс Қазақстан облысында 60,5 пайызды құрайды. Яғни, жер иесінің үлесі біріншісінде 14,9 пайызға, екіншісінде 21,6 пайызға артты. Бұл да ауыз толтырып айтарлықтай жетістік.

ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРҒА ҚАНДАЙ МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?

Қазір шығыстағы екі облыс пен солтүстіктегі төрт облыста 4,2 млн халық тұрады. Салыстырып көрсек, оңтүстіктегі бес облыс пен екі республикалық маңызы бар қаланы 9,6 млн адам мекендейді. Айырмашылық – 5,4 млн адам. Жыл сайын оңтүстіктегі халық саны да артып келеді. Солтүстік пен шығысқа қарағанда оңтүстік өңірде табиғи өсім жоғары. Алайда, жер көлемі бойынша солтүстік пен шығыс өңірлеріне оңтүстік жол береді. Яғни, оңтүстікте халық тығыз орналасқан. Демографиядағы осы тепе-теңдікті сақтау үшін де халықты оңтүстіктен солтүстік пен шығыс өңірлерге қоныстандыруға ар-

налған бағдарламалардың маңызы арта түседі.

Алатау мен Арқаның, күнгеі мен теріскейдің арасын жалғаған қазақ көшінің көлікті болуына Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы зор үлес қосты. Осы бес жылда 34 мыңдай адам (тең жартысы еңбекке жарамды) жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аударды. Айталық, бағдарлама аясында 2017 жылы – 4 мың, 2018 жылы – 6,8 мың, 2019 жылы – 9,1 мың, 2020 жылы – 5,8 мың, 2021 жылы – 8,1 мың адам түстіктен теріскейге көшіп барды. Мемлекет оларды жұмысқа орналастырды, баспанамен қамтамасыз етті және коммуналды төлемдерін де төлеп берді. Бұл бағытқа бюджеттен 20,9 млрд теңге бөлінді. Бөлінген қаржының басым бөлігі қоныс аударушыларға үй сатып алып беруге, жалдау ақысын төлеуге жұмсалды.

«Еңбек» бағдарламасы тек қоныс аударушыларға ғана емес, оларды жұмыспен қамтыған мекемелерге де қолдау көрсетті. Мәселен, жұмыс берушілерге 450 АЕК көлемінде субсидия берілді. Оны кемінде бес қоныс аударушыны үш жыл мерзімге тұрақты жұмысқа қабылдаған кәсіпкерлер алды.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Соңғы бес жылда Астана, Алматы мен Шымкент қалаларына өздігінен 211 мың адам ауыл-аймақтан қоныс аударған. Дегенмен, солтүстік пен шығыста жұмыс күші жетіспейді, ал оңтүстік пен батыста керісінше «екі қолға – бір күрек» табу оңай емес. Бұл – бір. Екіншіден, жоғарыда жазғанымыздай, оңтүстік пен солтүстіктегі демографиялық айырмашылық жер мен көктей. Оның үстіне сарапшылар 2050 жылға қарай халық солтүстікте 600 мыңға кемитінін, оңтүстікте Алматы мен Шымкент қалаларын қоспағанның өзінде 1,6 млн-ға артатынын болжайды. Үшіншіден, солтүстікте қазақтың үлесі 50 пайыздан әлі асқан жоқ. Осы үш фактор оңтүстіктен солтүстікке қоныстандыру саясатына басымдық беруге итермелейді. Ендеше, оңтүстік өңірлерден солтүстік облыстарға көшуге ниетті адамдарды осылай ынталандыруды жалғастыра беру керек. Қазірдің өзінде ұтымды демографиялық саясаттың жемісі көріне бастағаны рас.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ҚАШЫҚТАН ҚҰРБАН ШАЛУҒА АРНАЛҒАН САЙТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2023.kz сайтын іске қосты. Халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа оңтайлы болу үшін биыл құрбан шалу офлайн және онлайн форматта жүзеге асады. Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйені бір немесе 7 адам бірігіп шалса болады.

Құрбан шалуға ниетті адамдар сайт арқылы құрбандық малын таңдап, көрсетілген реквизитке қажетті қаражатты аударарды. Төлем барысында хабарламаға тапсырыс нөмірі мен құрбандық шалушының аты-жөнін жазу міндетті. Құрбандық шалынған соң оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен WhatsApp нөмірге жіберіледі.

Айта кетейік, Арапа күні биыл 27 маусымға сәйкес келеді. 28 маусым – Құрбан айт мерекесінің бірінші күні. Яғни, ол сәрсенбіге түсіп тұр. Бес күн жұмыс істейтіндер 26, 27 маусымда жұмыс істеп, 28 маусымда демалады. Содан кейін 29, 30 маусымда қайтадан жұмысқа шығады.

ҚАЗАҚСТАНДА КӨЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕМЕГЕН

497

МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМНЫҢ ҚАРЫЗЫ 22,4 МЛРД ТЕНГЕГЕ ЖЕТТІ



«Екі мыңыншы жылдары Орман шаруашылығы министрлігіне қарасты 120 мекеме болды. Алайда, оларды облыс әкімдіктеріне бөліп берді. Орман өрттерінің көп болуы, заңсыз шабылуы бұл бөлінген жүйенің тиімсіздігін көрсетті. Демек, қайтадан Экология министрлігінің құрамына қайтарып, бір бағыт, бір салада дамитындай болу керек. Қазақстанда орман шаруашылығының даму стратегиясы жоқ...»

СӨКЕН ДІЛДАХМЕТ, ЭКОЛОГ, ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІСІ


ҮЛКЕН АЛМАТЫ АЙНАЛМА ЖОЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

66 шақырымды жарты сағатқа жетер жетпес уақытта еңсеруге болатын Үлкен Алматы айналма жолы жүргізушілер игілігіне берілді.

Айналма жол ел тарихындағы алғашқы концессиялық жоба саналады. Ол 1-а техникалық санаты бойынша салынған. Құрылысы 3 жыл бұрын түрік-корей консорциумының негізінде қолға алынып, жоспарға сәйкес 2024 жылы қолданысқа берілуі керек еді. Нысан мерзімінен бұрын тапсырылды.

Концессия тетігі бойынша құрылыс жұмыстарын инвестор жеке қаражаты есебінен жүргізген. Енді 16 жыл бойы жол инвестордың кепілдік мерзімінде болады.

Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы Төлеген Абдуллиннің айтуынша, жол мегаполис көшелеріндегі және қала маңындағы кептелісті азайтып, экологиялық жағдайды жақсартады.



Жансая ШЫҒЫСХАН

«АЛМА ПІС, АУЗЫМА ТҮС» ДЕЙТІНДЕР АЗАЙМАЙ ТҮР

Халықтың басым бөлігі мемлекеттің көмегіне иек арта бермейді. Жұмыс істейді. Сөйтіп, өзі мен отбасын асырайды. Салық пен әлеуметтік аударымдар төлейді. Сол төлемдер зейнетақы мен жәрдемақыға жұмсалады. Негізінде, өркениетті қоғамда осылай болуы да заңдылық. Алайда, арамызда өздерінің өмір сүргенін міндет ететіндер де, «алма піс, аузыма түс» деп қарап жататындар да бар. Кейбіреулердің ойынша, мемлекет олардың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге міндетті. Болды, басқасына бас қатырмайды. Мұны әлеуметтік инфантилизм, тәуелділік, масылдық немесе басқаша да атауға болады. Бірақ, бәрінің түбі бір – қара басының жауапкершілігін мемлекетке арта салу.

Әрине, мұндай психология билік пен қоғам арасындағы патерналистік қатынастардың жоғарғы шегіне жеткен кеңестік дәуірде қалыптасты. Дегенмен, сол кезде де «әркімге еңбегі мен қабілетіне қарай» қағидасы қолданылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында елдегі патерналистік көңіл-күй мен әлеуметтік масылдық мәселесін жиі көтереді. Президенттің сөзінше, Қазақстан Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет ретінде қиын жағдайға тап болғандарға көмектесуге міндетті, бірақ кейбір қазақстандықтар мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды жеке мүддесіне пайдаланады, сондықтан мұнымен күресу керек.

«Нәтижесінде бұл патерналистік пиғылдың айтарлықтай артуына әкеп соқтырды. Соңғы бес жылда Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны 77 мыңнан 1,4 млн адамға жетті. Әлеуметтік көмекке бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі 2017 жылдан бері 17 есе көбейді. Басқаша айтқанда, жұмыс істегісі келмейтін адамдар немесе әлеуметтік көмек алу үшін өздерінің табысын жасыратындар қатары артты. Үкімет оны бөлу тәртібін реттеуі керек. Бұл жүйе ашық әрі әділетті болып, халықты бейқамдыққа емес, еңбек етуге ынталандыруы тиіс. Көмек, негізінен, еңбектен қашпайтындарға берілуі керек», – деп мәселенің мәнісін айтқан еді Мемлекет басшысы төрт жыл бұрынғы Жолдауында.

2021 жылғы Жолдауында Президент осы тақырыпты жалғастырды: «Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз еңбегімен табыс табу қабілетінен айырады. Мұндай адамдар кез келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек. Осындай жағдайлар «мемлекеттен ала берсем» деген көзқарас қалыптастырды. Әрине, біздің еліміздің мүмкіндіктері зор, бірақ оның да шегі бар. Мұндай жағымсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады. Сондықтан бізге түбегейлі өзгеріс керек. Заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс. Дайындалып жатқан Әлеуметтік кодексте осындай мәселелерге барынша назар аудару қажет».

ПАТЕРНАЛИСТІК КӨҢІЛ-КҮЙДІ ПАЙДАЛАНҒЫСЫ КЕЛЕТІН КҮШТЕР ДЕ БАР

Қоғамдағы патерналистік көңіл-күй мен масылдықтың күшеюін ашық популистік сипаттағы түрлі саяси күштер өз пайдасына пайдалануға ұмтылады. Әкімдіктің алдына барып, пәтер беруді талап етіп шеруге шыққан көп балалы аналардың арқасында ұпай жинағысы келген кейбір белсенділер мен қоғамдық бірлестіктердің қылығы естен кетпейді. Немесе жаңа саяси партиялар құрмақ болған бастамашыл топтардың бағдарламалық тезистеріне қарасақ, олар да қазақстандықтарға көктегі айды әперетіндей үәдені үйіп-төккен. Онда жеңілдікпен тұрғын үй беру, Ресейдегідей ана капиталын енгізу, түрлі әлеуметтік жеңілдіктер, зейнет жасын төмендету, несиелік амнистия беру сияқты халықтың барлық қажеттіліктерін орындау айтылған. Ал, «мемлекет осының бәрін қалай қамтамасыз етеді» деген сұрақты жауапсыз қалдырады. Себебі, олар бұл сұрақтың жауабын білмейді. Мысалы, тек несиелік амнистияның өзіне бүкіл республикалық бюджеттің жартысы кетер еді.


Өкінішке қарай, осы ауыр тақырыпты арқау еткен кейбір оппозиция өкілдері 2021 жылдың күзінде рұқсат етілмеген митингілер өткізді. Әлеуметтік желілерді шулатты. Бірақ, несие алып, сосын оны салық төлеушілер есебінен жабуды талап ету – нағыз масылдық емей немене?! Бұл айлығынан не кәсібінен салық төлейтін, алған несиеcін ешкімге міндет етпей төлеп жүрген азаматтар алдында да ұят тірлік.

Қоғамның терең ойлайтын әрі ел болашағына шын алаңдайтын бөлігі мұндай кезде не істей алады және қандай қадамдар жасайды? Мемлекет басшысы бұл сұраққа 2022 жылдың ақпанында өткен Үкіметтің

кеңейтілген отырысында жауап берді: «Адал еңбек, әділ сыйақы идеологиясы компрадорлар (шетелдік капитал мен дамушы елдің ұлттық нарығы арасында делдал болған кәсіпкер), уақытша жұмыс істейтіндер дүниетанымын алмастыруы керек. Бұл әлеуметтік-экономикалық аспектілерге, мемлекеттік саясат мәселелеріне, ұлттық бірегейлік пен жастарды тәрбиелеуге әсер ететін Үкімет пен қоғамның ортақ міндеті».

Президенттің айтуынша, халық «елімізде адал еңбек бағаланбайды» деп санағандықтан, жұмыс істегісі келмейді.

«Жұмыс істеудің орнына жақындарына да, мемлекетке де масыл болуда. Өзіне жәрдемақы мен жеңілдік талап етіп, алақан жаудан арланбайды. Тіпті, жергілікті билікке қоқан-лоқы көрсетуден де тайынбайды. Ұлтты жегідей жейтін осы кеселдер елімізді кері тартуда. Министрден малшыға, қаржыгерден қара жұмысшыға дейін әрқайсымыз бұл туралы терең ойлануымыз керек», – деп патерналистік көңіл-күйде жүрген жастарға алаңдаушылық білдірді Қасым-Жомарт Тоқаев.



КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТ, ӘСІРЕСЕ, КОНСТИТУЦИЯСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ ЕКЕНІ КӨРСЕТІЛГЕН БОЛСА, ХАЛҚЫ ҮШІН ЕҢ НЕГІЗГІ ӨМІР СҮРУ ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУҒА МІНДЕТТІ. АЛДЫМЕН ТҮРЛІ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗІН ЖӘНЕ ОТБАСЫН АСЫРАЙ АЛМАЙ ЖҮРГЕНДЕРГЕ НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР СЕБЕПТЕРМЕН ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛЫП, МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІНДЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУІ КЕРЕК. МҰНЫ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЫНША ЖАСАП ЖАТҚАНЫ ДА АҚИҚАТ. МЫСАЛЫ, ӨТКЕН ЖЫЛЫ 2 МЛН-ҒА ЖУЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР МЕН АТАУЛЫ КӨМЕКТЕР АЛҒАН. ДЕГЕНМЕН, ӘР АДАМ ӨЗ ЖАҒДАЙЫНА ЖАУАПТЫ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАСА ЕКЕН.

«ЕКІ ҚОЛҒА – БІР КҮРЕК» ТАППАЙ ЖҮРГЕНДЕРГЕ БЕРІЛГЕН МҰМКІНДІК

Мемлекет өз тарапынан масылдық санамен жүрген адамдардың сана-сезімін өзгертуге бағытталған шараларды қабылдап, бір мезгілде олардың адал еңбек етуіне, табыс табуына, балаларын толық тәрбиелеуіне жағдай жасап жатыр. Атап айтқанда, масылдықты төмендету мақсатында 2020 жылдың басында атаулы әлеуметтік көмекті алудың жаңа тетігі қолданысқа енді.

Мәселені шешу үшін еліміздің оңтүстік өңіріндегі еңбекқор азаматтарды жұмыс күшіне тапшы солтүстік облыстарға көшіру бағдарламасы да жұмыс істейді. «Екі қолға – бір күрек» таппай жүргендер «жұмыс жоқ, отбасын асырай алмай отырмын» деп шағымданып отырған, мемлекет оларға жұмысы бар жерге көшуге, жағдайын жақсартуға мүмкіндік беруге дайын. Оған қоса, тұрғын үйді жалға алатын және коммуналдық қызметтерді төлейтін шығындарды өтеуге субсидиялар бөледі. Субсидиялар қоныс аударушыларды жұмысқа орналастыруға дайын жұмыс берушілерге де төленеді. Өз ісін ашқысы келетіндерге жер учаскелері мен төмен пайызбен несие беріледі. Қысқаша айтқанда, әр адам өмірге налып, біреудің көмегін күткенше, тұрғылықты жерін өзгертіп, өз бақыты үшін күресу керек. Ал, мем-



МАСЫЛДЫҚ САНАДАН ҚАЛАЙ АРЫЛАМЫЗ?

лекет мақсаты айқын азаматтарды қашан да қолдауға дайын.

Елімізде 2017 жылдан бері оңтүстіктен солтүстік облыстарға азаматтарды ерікті түрде қоныстандыру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама жүзеге асырылған алты жылда мыңдаған отбасы қоныстанып, жұмысты болған.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, былтыр 8 мыңға жуық қазақстандық оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударған, соның 3,6 мыңын еңбекке қабілетті жастағылар құраған. 7 622

адам бір реттік субсидия алған, 5 633 адамның тұрғын үй шығындары өтелген, 2 811 адам тұрақты жұмысқа орналасқан.

Соңғы жылдары тарихи Отанына оралуға бел буған қандастар да еліміздің солтүстігіне қоныс аударып жатыр. Жыл басында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау квотасын көбейтетін хабарлады. Ведомствоның мәліметінше, 2023 жылға қоныс аударушыларды қабылдауға арналған ең көп квота Павлодар облысына бөлінген.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

АҚШ-тың 35-ші президенті Джон Кеннедиден «Елің мен үшін не істей алады деп сұрама, сен өз елің үшін не істей алатыныңды сұра» деген ұлағатты сөз қалған көрінеді. Алпыс жыл бұрын кісі қолынан қаза тапқан экс-президенттің бұл сөзін өз ыңғайымызға қарай түрлендіруге де болады. Кеннедиді қайтеміз, қазақта масылдық жайында айтылған «Асылдан асыл туады, жалқаудан масыл туады», «Жаман туыс бір масыл арқалаған құммен тең, жақсылығың істеген елекке құйған сумен тең» деген тәмсілдер бар. Ендеше, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей» деген ұстаныммен ешкімге алақан жаймай өмір сүргенге не жетсін?!

ҚАЗҰАЗУ БАЗАСЫНДА «ТИАШМИИ» ҒЗИ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ



«ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында агроөнеркәсіптік сектордың басым міндеттерін айқындай отырып, су саласындағы сұранысқа ие мамандарды даярлау үшін мықты базалық жоғары оқу орнын анықтау бойынша нақты міндеттер қойған болатын. Сол тапсырманы жүзеге асыру үшін ҚазҰАЗУ базасында «ТИАШМИИ» ҒЗИ филиалын ашу университеттерді болашақта трансформациялау процесіне, АӨК саласында инновациялық технологияларды әзірлеуге, су шаруашылығына қажетті бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды күшейтуге, жоғары оқу орындарының ғылыми рейтингін арттыруға, Орталық Азиядағы су қауіпсіздігін нығайтуға жаңа серпін беретіні сөзсіз», – деп атап өтті ҚазҰАЗУ басшысы Ақылбек Қажығұлұлы.

Ректордың айтуынша, ҚазҰАЗУ базасында «ТИАШМИИ» ҒЗУ филиалын ашу жөніндегі Жол картасын Өзбекстан Республикасының Жоғары білім, ғылым және инновация, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітті, сондай-ақ 2028 жылға дейін ғылыми-білім беру қызметі саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен шартқа қол қойылды.

Өз кезегінде, «ТИАШМИИ» ҒЗУ Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры Тохир Сұлтонов Өзбекстан Агробанкі қолдауымен қаржыландырылатын су шаруашылығын басқарудың тиімділігі бойынша фермерлердің біліктілігін арттыру мектебінің тәжірибесімен бөлісті. Ол мұндай курстарды болашақта ҚазҰАЗУ-мен бірлесіп өткізуге болатынын айтты.

«Жол картасы бойынша белгіленген міндеттер алдағы уақытта ҚазҰАЗУ және «ТИАШМИИ» ҒЗИ мамандарымен бірлесіп пысықталатын болады, сондай-ақ осы бағыт бойынша біліктілікті арттыру курсы өткізу аясында жұмыстарды күшейтуді ұсынамыз», – деп атап өтті Тохир Зокирович.

Кездесу барысында ҚазҰАЗУ базасында «ТИАШМИИ» ҒЗУ филиалын ашуға қатысты нақты мәселелер талқыланды, **атап айтқанда:**

- «Су шаруашылығы және мелиорация» бакалавриат, «Су ресурстарын кешенді пайдалану және басқару» магистратура және «Мелиорация және суармалы егіншілік» докторантура деңгейінде бірлескен жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- профессор-оқытушылар құрамы мен білім

алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастықты кеңейту;

- профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағлымдамадан өту курстарын ұйымдастыру;
- жоғары оқу орындарында оқу процесін сапалы ұйымдастыру үшін білім алушыларды заманауи оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- су ресурстарын басқару, суды пайдалану, мелиорация және жерді рекультивациялау саласында бірлескен ғылыми жобалар әзірлеу;
- «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» ұлттық зерттеу университетінің филиалы басқармасының ұйымдық құрылымын әзірлеу және штат кестесін жасау;
- қажетті инфрақұрылымдарды құру, оның ішінде «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» ұлттық зерттеу университетінің филиалы үшін ғимаратты анықтау.

ҚазҰАЗУ Баспасөз қызметі



Қырғызстан – әлемде президенттерінің саны жағынан да, премьер-министрлерінің көптігімен де географиялық глобуста қызыл жолақпен белгіленген мемлекет. Тәуелсіздігінің отыз жылында алты президент, жиырмадан астам премьер-министр ауысқан. Олардың арасында кәсіби мемлекетшіл тұлға да, белгілі ғалым да, кеңес мектебінің саяси дипломатия сынынан өткен тісқаққан саясаткер де болды.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

Алатаудың арғы жағындағы айыр қалпақты елді басқарғандардың арасында кәсіби дипломат Роза Исаққызы Отынбаеваны ерекше атап өткен жөн. Ол – Орта Азиядағы тұңғыш әйел-президент, ел билігін бейбіт түрде тапсырудың негізін салған саясаткер.

Роза Отынбаева өтпелі кезеңдегі президенттік қызметін тапсырарда: «Біздің қырғыздар тәуелсіздік кезінде бастарынан өткерген бірнеше революция, бірде-бір жағдай көрші елдерде болған жоқ. Демек, бүгінгі күні қырғыздардан батыл, қырғыздардан демократ, қырғыздардан тұрашыл ел жоқ. Түбі біз озамыз!» – деп өз халқына өршіл рух беруімен халықтың есінде қалды.

Роза Отынбаева – 1950 жылы 23 тамызда Ош қаласында дүниеге келген. Үлкен отбасындағы сегіз баланың екіншісі. Әкесі Исақ Отынбаев – Қырғызстандағы белгілі қайраткер, Қырғызстан Жоғарғы сотының мүшесі, анасы Салика Даниярова – мұғалім болған. Болашақ президент 1972 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетін «философия және қоғамтану пәнінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген. 1975-1981 жылдары Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде аға мұғалім, доцент, кафедра меңгерушісі, профессор болып еңбек жолын бастаған. 1981 жылы партиялық жұмысқа ауысып, Бішкек қаласына қарасты Ленин аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1983 жылдан Бішкек қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарған.

1986-1989 жылдары Қырғыз КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Сыртқы істер министрі, 1989-1991 жылдары ЮНЕСКО істері жөніндегі КСРО комиссиясының төрайымы, жауапты хатшысы, КСРО Сыртқы істер министрлігінің алқа мүшесі, 1992 жылы Премьер-министрдің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған. 2005 жылы наурызда Қырғызстанның Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындалған. 1991-1992 жылдары КСРО-ның Малайзиядағы және Брунейдегі Төтенше және өкілетті елшісі қызметтерінде болған. 1992-1994 жылдары Тәуелсіз Қырғызстанның АҚШ пен Канададағы, ал 1997-2002 жылдары Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландиядағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарған. 2004 жылдың 9 желтоқсанынан «Атажұрт» қоғамдық қозғалысының төрайымы. Философия ғылымының кандидаты. Қырғыз тілінен басқа орыс, ағылшын, неміс, француз тілдерін жетік меңгерген. БҰҰ Бас хатшысының тұрақты өкілінің орынбасары ретінде грузин-абхаз шиеленісін реттеуге қатысқан. 2004 жылы туған Отанына оралып, оппозиция лидерлерінің біріне айналды.

2010 жылы халық сенімі үкіметінің басшысы, кейін Қырғыз Республикасының өтпелі үкіметінің президенті болып сайланды.

Қырғызстан – КСРО-ның тоталитарлық билігімен, соңғы жиырма жылда авторитарлық режиммен басқарылған мемлекет. Бұрын партиялық номенклатуралық функционерлердің мүдделері қақтығысып жатса, тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік саясатта мүдделі топтардың ойындары үлкен рөл ойнады. Оған қатысудан бірде-бір партия тысқары қалған емес.

Партиялардың өзара келісімі барысында елде өтпелі кезеңдегі президент сайлауына референдум өткізуге ұйғарым жасалды. Референдум қорытындысы бойынша Роза Отынбаева өтпелі кезеңдегі ел президенті лауазымын 2011 жылдың 31 желтоқсанына дейін атқарды. Бұдан кейін ол президенттік сайлауға өз кандидатурасын ұсына алмайтын болып ұйғарылды.

Сайлау күні өзінің туған жері, оңтүстіктегі Ошқа барып дауыс берген Роза Отынбаева: «Қырғызстанның Конституциясы мен заңдары бойынша Парламент сайлауынан кейін жаңа кабинет құрылғанша үкімет барлық іс-қимылдары үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады. Осыған орай Қырғызстанда отбасылық билікке көл берілмейді. Ақаев және Бакиев жүйесі енді Қырғыз елінде қайталанбайтын болады», – деген уағдаластыққа қол жеткізді.

Үкімет құрылмағандықтан, уақытша жоғарғы лауазым иесі ретінде президент Роза Отынбаева партиялардан саяси интригаларға бармай, сайлаушылардың мүддесі үшін қызмет етуді талап етті. Қырғызстанның жаңа Конституциясы бойынша сайлауда ең көп дауыс жинаған партия премьер-министрдің кандидатурасын ұсынуға тиіс болды. Осылайша, елдің жаңа тарихында президенттік билік тұңғыш рет бейбіт түрде бір қолдан екіншісіне өтудің жолы қаланды.

Роза Исаққызы өзі мемлекет басшысы болып тұрғандағы Қырғызстанның үлкен жетістігі – елдің парламенттік басқаруға өткендігі болды. Президент билігін толық орнықтырып алған соң, Бакиев билігінен бос қалған саяси вакуумды тездетіп толтыруды мақсат етіп қойды.

Президент елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму саласында қордаланып қалған мәселелер бойынша Жоғарғы Кеңестің мәжілісіне қатысып,

Қырғызстан халқына үндеу жасады. Мемлекет басшысы өзі басқарған 1 жыл 8 ай мерзімдегі жағдайға баға беріп, республиканың өсіп-өркендеуі үшін елді ынтымақта болуға шақырды. Бұрынғы президент Құрманбек Бакиев Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінде және Ұлттық қауіпсіздік қызметінде реформа жасаймын деп, бұл органдардың штатын қысқартып, әлеуетін мүлде төмендетіп жіберген еді. Бакиев 2009 жылы өрескел түрде Конституциялық орган – Қауіпсіздік кеңесін таратып жіберген-ді. Ош және Жалалабад гарнизондарындағы ішкі әскерлердің сандық құрамы қысқартылды. Керісінше экс-президент өз бауыры Жаныш Бакиев басқаратын Мемлекеттік күзет қызметінің күш-қуатын арттырды. Оны өзін күзету үшін жасады. Жаңа президент Бакиевтің кезінде жойылып кеткен Қауіпсіздік кеңесін қайтадан қалпына келтірді.

Қырғызстанның сыртқы қарызы 2,6 млрд АҚШ долларына жетті. Қарыздың 56 пайызы – Дүниежүзілік банкке, Халықаралық валюта қорына және Азия даму банкіне тиесілі болды. Сыртқы қарыз елдің ЖІӨ-нің 58 пайызына теңдестірілді. Бұл қарызды өтеу қырғыздарға оңайға түспеді.

2010 жылы Қырғызстанда сайлау тұңғыш рет биліктің араласуынсыз өтті. Десе де, дауыс беру кезінде қылмыстық топтардың дауыс беруге ықпалының болғандығы байқалды.

Жоғорғу Кеңеш сайлауынан кейін Қырғызстан ТМД шеңберіндегі тұңғыш парламенттік басқару жүйесіне бетбұрыс жасады. Елдегі ірілі-ұсақты 150-дей партияның 29-ы сайлауда өз бағын сынады. Қырғызстан заңнамасы бойынша сайлау өтпейді деп есептеуге болатын ең төменгі көрсеткіш белгіленбеген. Қырғызстан президенті Роза Отынбаева жаңа Жоғорғу Кеңеш сайлауын ел тарихындағы ең демократиялы сайлау ретінде бағалады.

Президент ел дамуындағы басқа да орын алған кемшіліктерді де ашып берді. Оның ашық пікірі кейбір елдерге ұнай қоймады.

«Қырғызстанға қазір көптеген елдердің тарапынан гуманитарлық көмек көрсетіліп жатыр. Солардың негізгісі, көбінесе Қазақстан мен Ресейден келуде. Шалғайда жатқан АҚШ тарапынан да көмек беріліп жатыр. Бірақ, солардың арасынан риясыз достық танытып отырғандары көп емес. АҚШ әкімшілігі Қырғызстанға 32 млн долларды құрайтын гуманитарлық көмек жеткізуге уәде берді. Бұдан да басқа қаржылай көмектер қарастырылуда. Алайда, америкалықтар бәз-баяғы әдетіне салып, өз тарапынан бөлінген қаражаттың елді демократияландыруға жұмсалуды талап етеді. Қырғызстанда Орталық Азияның демократиялы елі ретінде танытын АҚШ сол демократияның «жемісін» көріп жатса да қоятын емес. Айналып келгенде, АҚШқа керегі – әлемдік қауымдастықта өзіне қажетті аура қалыптастыру. Сол сияқты Ресей тарапынан Қырғызстанға жасалып жатқан көмектің артында да саясаттың сұлбасы сығалайды. Қалайда АҚШ-тан кем түспеу керек. АҚШ 32 млн доллар уәде етсе, Ресей де 30 млн-ды бергелі отыр. Қырғыздардың елдігі шайқалып, материалдық тұрғыдан қысылтаяң халге түскенін Мәскеу сәтті пайдалануға тырысып қалғысы келеді. Рас, көмек көрсетіліп жатыр. Бірақ, оның артынан айтар бұйымтайы ұртында сақтаулы тұрады. Ресейдің ойы әскери база ашу, Қырғызстанның жалғыз қару-жарақ өндірістік кешенін қарыздарын өтеу есебінде алып алу деген секілді салмақты шарттары дайын тұрады», – деп мәселенің мәнісін түсіндірген еді халыққа.

Роза Отынбаева Құрманбек Бакиев пен оның алдындағы Асқар Ақаев билігі кезінде экономикалық қылмыс жасағандардың бәріне мемлекетке келтірілген шығынның орнын толтыруға уәде берулерін байланысты рақымшылық жасайтын жарлық шығарды. Президент сол арқылы кінәлілерді қылмыстық жауапкершіліктен босатуға берген уәдесінде тұрды.

Қырғызстанның Уақытша үкіметінің қиын жағдайда қалған сәттері көп болды. Оңтүстік аймақта төтенше жағдай енгізілді. Оған тәртіп сақшылары мен әскер араласты. Бүлік әрең басылды. Ол ұлтаралық қақтығысқа ұласты. Президент осынау қиын сәтте еш қорықпастан халықтың арасына өзі барған кездері көп болды.

Роза Отынбаева бұрынғы президенттер кезінде халықтан жасырылып келген ең осал тұстарды аша отырып, одан шығудың жолын көрсетіп берді. Қырғызстандағы озбырлық эскалациясы тез және бірден өрбитін. Өз кезегінде бұл аймақтағы өзге де ойыншыларды, әсіресе, Ресей мен Өзбекстанды белгілі бір іс-әрекеттерге баруға Асқар Ақаев пен Құрманбек Бакиевтің батылы жетпеген батыл қадамдарға барды.

ЕҚЫҰ полицейлерінің Қырғызстанға енуіне қарсылық акциясы ерекше белең алды. Қарсылық білдіру үшін Бішкек және Ош қаласының орталық алаңдарына жиналған халықтың саны 500-700 адамды құрады. Олардың арасында саясаттанушылар мен түрлі қоғамдық бірлестіктердің, тіпті қалалық әкімдіктің қызметкерлері де болды. ЕҚЫҰ өкілдерінің елді атап басуына жол бермейтінін уәде етушілер арасында «Біз Отанмыздың кезінде Сербиядан Косовоны бөліп алған тағдырын

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ӘЙЕЛ ПРЕЗИДЕНТ

РОЗА ОТЫНБАЕВАНЫҢ ОҚЫТУШЫЛЫҚТАН ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ДЕЙІН ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛЫ



қайталағанын қаламаймыз. ЕҚЫҰ-ның осы секілді операциялары арқасында Югославияның күйреуі орын алды» деп мәлімдеушілер де табылды.

Қырғыздардың бұл жаңұшыруларын түсінуге болатын еді. Осы сәтте Президент Роза Отынбаева бастаған Қырғызстан үкіметі ЕҚЫҰ полицейлерінің елге келуіне барынша ынталылық танытты. Тіпті, осылай болуы қажеттігін талап етті. Олар өз күшімен елді қалпына келтіре алмайтын сезді. Себебі, Қырғызстанның оңтүстік аймақтары ырық бермей, қарулы қақтығыстарға бейімділік танытты. Сондықтан Отынбаеваның ҰҚШҰ бітімгер күштерін енгізу жөніндегі ұсынысы ашық болды. Жүргізілген шаралардың бәрі қырғыз халқының тез сауығып кетуіне тиімді ықпал етті. Дәл сол тұста Роза Отынбаеваны сынағандар, кейін оның іс-қимылы ерлікпен пара-пар деп жатты. Оқиғадан кейін Роза Отынбаева аймақта орын алған тәртіпсіздіктерді басқаны және сауатты іс-қимыл жасағаны үшін «Күрметті легион» орденінің командоры атанды. Оған күрметті атақ Франция президентінің жарлығы бойынша берілді. Бұл марапат Отынбаеваның өтпелі кезеңдегі қиындықтарға қарамастан, шешімді де батыл іс-қимыл танытқан еңбегін танудың нәтижесі болып табылды. Аталған орденді ХІХ ғасыр басында Наполеон Бонапарт тағайындаған және ол Франциядағы аса жоғары айырма белгісі болып саналады.

Қырғызстан президенті Роза Отынбаева АҚШ Мемлекеттік департаментінің «Қаһармандығы үшін» сыйлығымен марапатталған. Отынбаева бұл сыйлықты алған әлемдегі бірінші әйел-президент болды.

Роза Отынбаева Қазақстан Журналистер одағының наградасына да ие болған. Шолпан-Атадағы мемлекеттік резиденцияда Қырғызстан басшысына баспасөзге

көрсеткен қолдауы және журналистермен өзара түсіністігі үшін арнайы диплом табыс етіліп, «Қазақстан Журналистер одағына – 50 жыл» медалімен марапатталды.

Ол өз қызметінен кетіп бара жатып: «Мен өмірімді Қырғызстаннан басқа жерде елестете алмаймын. Мені «біреулермен келісіп алған, бас сауғалап кетеді» деп жүргендер қатты қателеседі. Мен БҰҰ-да жұмыс істегенмін. Онда өте маңызды да пайдалы тәжірибе жинақтадым. Бірақ, мен өз тағдырымды халықаралық ұйымдармен байланыстырмаймын. Мен Қырғызстанда қаламын. Бастық болу міндет емес», – деп мәлімдеді.

Роза Исаққызы Қырғызстан президенті ретінде қысқа мерзімде неге қол жеткізді?

Ол – Қырғызстанның саяси практикасында екі рет қайталанған жағымсыз сары жолақты өшіруге бар күшін салды. Қырғызстанның белгісіз тылсым күші өмірлік қуатын сорып алған қағидасын сауықтыруға тыңнан жол іздеді. Ауыр құзелістен қайраңда малтығып қалған Қырғызстан кемесін өрге сүйреді. Ақаев, Бакиевтің кезінде сенімнен айырылған Қырғызстан дипломатиясын айтарлықтай нығайтты. Халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастықты өзіндік бір тіреу нүктесіне айналдырды. Алдыңғы қос президенттен соң, елде тәртіп орнатылып, іскерлік және моральдік ахуал қалыпқа келтірілді.

Роза Исаққызы бүгінде белсенді позицияда. БҰҰ Бас хатшысының медиация бойынша жоғары деңгейдегі консультативтік тобының және Мадрид клубының мүшесі болып қызмет атқарады.

Қырғыз елінің саяси қайраткері 2021 жылы халқымыздың классик жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовке сәлем салу ниетімен Алматыға келіп, жазушының қара шаңырағында болды.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТЕН ҚОРҒАНУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Сәрсенбіде Еуропарламент жасанды интеллект туралы заң қабылдады. Енді ол Еуропалық кеңесте ЕО-ның барлық елдері келісіп, мақұлдағаннан кейін күшіне енеді.

Заңда ЖИ жүйелері еуропалық азаматтар мен тұтынушылар үшін тәуекел дәрежесі бойынша топтарға бөлінеді және әр топ үшін өз шектеулері мен бақылау шаралары енгізіледі. Мысалы, адамдардың санасына әсер ету үшін құрылған жүйелер, сондай-ақ нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін биометриялық тану жүйелеріне тыйым салынады.

«Еуропарламент депутаттары жасанды интеллект жүйелерінің адамдардың бақылауында болуын, олардың қауіпсіз, ашық, қадағаланатын, пайдаланушыларды кемсітпеуін және қоршаған ортаны қорғауға ықпал етуін қамтамасыз еткісі келеді», – деп түсіндірді Еуропарламенттің баспасөз қызметінен мамыр айында заң жобасын әзірлеу барысында.

УКРАИНА ЖАҒЫ ШАБУҢ БАСТАЛҒАЛЫ

8 ЕЛДІ МЕКЕНДІ РЕСЕЙДЕН АЗАТ ЕТТІ

«Украинаны қиратқан Ресей. Украинаны қалпына келтіруге кететін шығынды ақыр соңында Ресей мойнына алады...»

ЭНТОНИ БЛИНКЕН, АҚШ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫ

ПОЛЬШАДА «ДИМАШ» РАДИОСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Польшада әнші және музыкант Димаш Кұдайбергеннің құрметіне радиостанция жұмыс істей бастады. Бұл туралы Zakon.kz хабарлады.

Радио толқынында тыңдарман Димаштың ғана емес, басқа да қазақ өнерпаздарының әндерін тыңдай алады. Сонымен қатар, эфирде қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті туралы айтылады.

Димаш радиостанциясын құру идеясы болмағанын және олар жүре үйренгенін айтады. Бірақ, қазір станция аптасына жеті күн, тәулігіне 24 сағат бүкіл әлемге хабар таратады.

«Мен Димаштың шығармашылығымен «Singer» шоуының арқасында таныстым. SOS әні – керемет дүние! Бірден қызығушылық танытып, «Келесі концерт қай жерде болса да, міндетті түрде Димашты тікелей эфирде тыңдауым керек» деп шешім қабылдадым. Бір айдан кейін ол Лондонда өнер көрсетті. Мен бардым. Кейіннен радиостанция құру идеясы келді», – дейді «Димаш» радиосының негізін қалаушы Збигнев Кужинский

Радио толқынында Қазақстанның барлық айтұлы оқиғалары мен мерекелері тойланады. Ал, тамыз айында Абайға арналған тақырыптық хабарлар болады.





Еліміздегі волонтерлік ұйымдар саны 3 есе өсті, ал еріктілер саны 200 мыңға жетті

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ АДАЛ АЗАМАТТАР ҚҰРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық волонтерлер форумына қатысты. Президент өз сөзінде мемлекет пен қоғамның сенімді серіктестігі маңызды екенін атап өтіп, еріктілер қоғамда ерекше рөл атқаратынын айтты. Бұл туралы Akorda.kz хабарлады.

Қали ҚАМБАРОВ

«Қазақстанда 2020 жыл еріктілер жылы болды, біраз шаруа атқарылды. Қазір еліміздегі волонтерлік ұйымдар саны 3 есе өсті, яғни 680 ұйым бар. Еріктілердің саны 200 мыңға жетті. Барлық аймақта фронт-офисер ашылды. Онда мыңдаған волонтер дайындықтан өтті. Qazvolunteer.kz платформасы жасалды. Яғни, бүгінгі таңда елімізде кез келген адам еріктілер тобына мүше болып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Шын мәнінде, бұл – зор мүмкіндік. Сондай-ақ, біздің волонтерлер Иордания, Кения, Таиланд және Түркия елдеріне арнайы барып, тәжірибе жинақтады. Осы тұста мен Қазақстан еріктілеріне қолдау көрсетіп жүрген Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдеріне алғыс айтамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент волонтер болу, ең алдымен, патриотизмнің, яғни отаншылдықтың жарқын көрінісі деп санайды. Бұл – адамгершілік құндылықтарын бәрінен жоғары қоятын жандардың өмір салты.

«Еріктілер өнегелі істері арқылы қоғамды дамытуға зор үлес қосады. Жана-шырлық – қазақтың қанында бар қасиет. Халқымыз қиындыққа тап болған адамдардан көмегін аямаған. Ел басына күн туған қиын-қыстау сәтте «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» білген. Қазақстанға жер аударылған талай этнос өкілдерін бауырына басып, барын бөліскен. Сондықтан бүгінгі жиынның мақсаты халқымыздың болмысымен үндес екені сөзсіз», – деді Мемлекет басшысы.

Президент Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құратынын атап өтіп, барлық еріктілерді Адал азамат деуге болатынын айтты.

«Маған еріктілер мен қайырымды жандардың «кең ауқымда ойла, соған сай әрекет ет» деген қағидаға сүйеніп жұмыс істейтіні ұнайды. Шын мәнінде, ертеңгі жарқын болашаққа жету үшін біз бүгін батыл қадамдар жасауымыз керек. Бұл ұстаным экологиялық мәдениет пен саналы тұтыну дәстүрін қалыптастыру үшін өте өзекті. Ол үшін адамдардың сана-сезімі мен дүниетанымын өзгерту керек. Тек сонда ғана реформалардың нәтижесі тұрақты әрі мәңгілік сипатқа

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің форум қатысушыларына үндеуін ұйымның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори оқып берді. Сондай-ақ, жиында БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойли Курбанов, БАӘ Толеранттылық және Әйелдер қатар өмір сүру министрлігінің бас директоры Афра Мұхаммед Әл Сабри, Түркияның белгілі мәдениет қайраткері Халук Левент және басқа да спикерлер сөз сөйледі.

ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА «ҰЛТТЫҚ КЕРЕКТЕРДІ» ТАЛАП ЕТКЕН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ БЕС ЖЫЛ ҒАНА ҒҰМЫР КЕШІП (1913-1918), БАС-АЯҒЫ 266 НӨМІРІ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ҰСТАНЫМЫН ЖАРИЯЛАП ТҮРҒАН БАСЫЛЫМ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАҢЫМЫН ҚАЙТА ОРТАМЫЗҒА ОРАЛДЫ. АРАҒА 88 ЖЫЛ САЛЫП БАРЫП! ОҒАН СЕБЕПКЕР БОЛҒАН ҚАЛАМҒЕР – ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕВ. ИӘ, АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ «АСЫҚПАҒАНДАР, АРТЫМЫЗДА ҚАЗЫ БАР, ТЕРГЕП ТАЛАЙ КӨРЛЕРІМІЗ ҚАЗЫЛАР» (АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ) ДЕП АЙТҚАНДАРЫ АЙДАЙ КЕЛІП, АРМАҒАНДАРЫ ОРЫНДАЛДЫ. АҚИҚАТ ЖЕҢДІ! ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АРМАНЫ МЕН АҚИҚАТЫНЫҢ АРҚАСЫНДА БҮГІНДЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫ ЖЕР-ЖЕРДЕ АТАЛЫП ӨТУДЕ.



Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Бейсенбі күні Алматы облысының Қаскелең қаласындағы Қарасай аудандық кітапханасында «Алаштың үні болған «Қазақ» газеті» атты жиын өтті. Санжар Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжінің бастамасымен өткен шараға Білім беру ісінің үздігі, Журналистер одағының мүшесі, ардагер ұстаз Ақлима Көсемова, Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі, Қарасай ауданының құрметті азаматы, «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Шара Қанатқұлқызы, «Naqtу» аудандық газетінің ардагер тілшісі, Қазақстанның құрметті журналисі Берікбай Елеусізұлы, «Қазақ» газетінің бас редакторы, Ақпарат саласының үздігі Жасұлан Мәуленұлы, газеттің бөлім редакторы Сандуғаш Серікова және жалынды жастар қатысты.

Жиында сөз алғандардың бірі Жасұлан Мәуленұлы «Қазақ» газетінің өткені мен бүгінгіне, сталиндік террордың құрбанына айналған газеттің бастауында тұрған Алаш арыстары мен оның авторларына тоқталды, ғасырдан астам тарихи бар үнжарияның негізден ұлт басылымдарының атасы саналатынын түсіндірді.

«Осыдан 110 жыл бұрын жарық көрген «Қазақ» газетін біз ұлт басылымдарының атасына балап жүрміз. Әрине, «Қазақтың тұңғыш газеті ол емес қой» деп бұған қарсы уәж айтатындар бар. Дегенмен, 1870 жылы Ташкентте жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті» «Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрді. Яғни, ол қазақ тілінде шыққан тұңғыш қанды газет болған жоқ. Және онда тек патша үкіметінің шешімдері, жарлықтары ғана жарияланды. «Дала уәлаятының газеті» де сондай еді. Сондықтан сол қиын заманда салыстырмалы түрде ұзақ жарық көрген, ұлттың мәселесін ашық көтерген, жұрттың сауатын ашуда маңызды рөл атқарған «Қазақ» газетінің ұлттық баспасөз тарихында алатын орны зор. Бір қуаныштысы, «Қазақ» газеті жарық көрген күн, яғни 2 ақпан елімізде Ұлттық басылым күні мерекесі болып бекітілме. Былғы мерейтойдағы ауыз толтырып айтарлықтай басты жаңалық осы болса керек», – деп нақтылады Жасұлан Мәуленұлы.

Газетті 2015 жылдан бері басқарып отырған редактор сол алмағайып заманда басылымның қалай шыққанын сөз етті.

«Тұңғыш бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін шығаруға 1913



ҚАСКЕЛЕНДЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫН ӨТТІ

жылдың 5 қаңтарында Орынбор генерал-губернаторының рұқсатын алған. Газеттің алғашқы нөмірі сол жылы 2 ақпанда Орынбордағы «Кәрімов, Хұсайыновтар баспаханасында» басылып шықты. Газеттің бір жыл толуына орай жарияланған «2-нші феурал» деген бас мақалада тәуекел деп газет шығаруды бастағанда небәрі 750 сом ғана қаражат болғаны жазылды. «Қазақтың» шығуына оның бастырушысы болған Мұстафа Оразаев көп еңбек сіңірді. Оның әкесі Ахмет ишан газетті шығаруға қаржылай көмектесті. Содан газет бірінші саны-

Редактор «Қазақтың бас ақыны» деп алғаш Абай туралы мақаланы Ахмет Байтұрсынұлы жазғанын, мақала 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көргенін айтты.

«Кеңес Одағы тұсында газетті және оның бастауында тұрған Алаш арыстарын атаудың өзі қылмыс саналды. Газет жетіс жыл бойы «зынданда жатты». Оның біраз нөмірі Ұлттық кітапханада сақталған. Төте жазумен шыққан газеттегі материалдарды алғаш қазіргі әліпбиге түсіріп, кітап етіп шығарған – ғалым Үшкөлтай Субханбердина. Ғарифолла Әнес басқаратын «Арыс» баспасы 1913-



нан 46 санына дейін Мұстафа Оразаевтың қаражатымен шығып тұрса, ал 47 санынан бастап газеттің басылуын «Азамат» серіктігі қолға алды. Серіктікке мүше болып кіргендер 100 сом жарна төледі. Ал, Ахмет Байтұрсынұлына шындықты газетке шырқыратып жариялағаны үшін айыппұл салып тұрған, кейде темір торға да тоғытқан. Сол кезде сол заманның қалталы азаматтары ақша жинап, газетті жабылудан, Аханды түрмеге тоғытудан сақтап қалып отырған. Дегенмен, елге қызылдардың келуімен газет жабылды, артынан оның бастауында тұрғандар мен авторлары қуғын-сүргінге ұшырады. Қиын-қыстау уақытта «Қазақты» 1913 жылдан 1917 жылдың қыркүйегіне дейін Ахмет Байтұрсынұлы абыроймен басқарды. Соңғы нөмірлеріне Жанұзақ Жәнібеков қол қойды», – деп тарихи деректерді келтірді бас редактор.

1918 жылдардағы газетті кирилл әліпбиіне түсіріп, баспаға дайындап қойды. Быыл сол кітаптар толық жарық көрмек. «Газет жүз жыл бұрын не жазды, қандай мәселе көтерді» деген сұрақтарға сол кітаптардан жауап табуға болады», – деп ойын түйіндеді Жасұлан Мәуленұлы.

Жиын барысында Санжар Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжінің студенті Арман Қайыпбаев «Мен қазақтың баласы», тағы бір студент Мұхаммедәлі Махмұтхан «Мен қазақ» әндерін орындады. «Қалбиби» өнер студиясының жас әншісі Еркебұлан Кеңесбек те әуезді әнімен жиналғандардың қошеметіне бөленді.

Айдыны кең, айбыны мықты ұлттық басылымның 110 жылдығына арналған жиынды Қарасай аудандық кітапханасының директоры Ұлдархан Өтеева қорытындылап, қонақтарға сый-сияпат жасады.





ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН КҮШЕЙТІЛГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨЗІНІҢ «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҮТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА СОҢҒЫ ЖОЛДАУЫНДА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРСЕТЕТІНДЕРДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ ҚАЖЕТ ЕКЕНІН ШЕГЕЛЕП ТАПСЫРДЫ. СЕБЕБІ, БҰҒАН ҚАТЫСТЫ СТАТИСТИКА ДА ЖАҒА ҰСТАТАДЫ. МЫСАЛЫ, ӨТКЕН ЖЫЛЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ПОЛИЦИЯҒА 120 МЫҢНАН АСТАМ АДАМНАН ШАҒЫМ ТҮССЕ, СОНЫҢ ЖАРТЫСЫНАН КӨБІ АРЫЗ ЖАЗУДАН БАС ТАРТҚАН. СОТҚА ЖОЛДАНҒАН 52 МЫҢНАН АСТАМ ІСТІҢ 30 МЫҢҒА ЖУЫҒЫ ТАРАПТАРДЫҢ ТАТУЛАСУЫМЕН ТОҚТАТЫЛҒАН. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, БЫЛТЫР ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫНАН 327 АДАМ МҮГЕДЕК БОЛДЫ, 99 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ. ТИРАНДАРДЫҢ ҚОЛЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРДІҢ 95 ПАЙЫЗЫН ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАЙДЫ. БИЫЛ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА КҮШЕЙТІЛДІ. ЕЛІМІЗДЕ 19 МАМЫР КҮНІ «ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ, ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ, СОНДАЙ-АҚ АЗАПТАУЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫГЕЗ, АДАМҒЕРШІЛІККЕ ЖАТПАЙТЫН НЕМЕСЕ АР-НАМЫСТЫ ҚОРЛАЙТЫН ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ КОДЕКСТЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ. АЛ, ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКС АЛДАҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНДІ. ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР «QAZAQ» ГАЗЕТИ БҮГІН ЕЛІМІЗДЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН КҮШЕЙТІЛГЕН ЗАҢҒА ТОҚТАЛАДЫ.

01

ЕҢДІ ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ АРЫЗЫНСЫЗ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАУ ДЕРЕГІ БОЙЫНША ӘКІМШІЛІК НЕМЕСЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛАДЫ, СОҢҒЫ СӨЗДІ СОТ АЙТАДЫ

02

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙТІЛДІ, ЕГЕР БҰРЫН СОТ 1 ТӘУЛІКТЕҢ 5 ТӘУЛІККЕ ДЕЙІН ҚАМАУҒА АЛУМЕН ШЕКТЕЛСЕ, ЕҢДІ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАҒАН ЖАНЖАЛҚОР 5 ТӘУЛІККЕ, ҚАЙТАЛАҒАН ЖАҒДАЙДА 10 ТӘУЛІККЕ ҚАМАУҒА АЛЫНАДЫ

03

ТАРАПТАРҒА ҚАЙТА ТАТУЛАСУ МҮМКІНДІГІ БЕРІЛМЕЙДІ, СОТТА ТЕК БІР РЕТ ҚАНА ТАТУЛАСУҒА БОЛАДЫ, ҚАЙТАЛАНҒАН ЖАҒДАЙДА ӘЙЕЛІН ҚОРЛАҒАН ЖАНЖАЛҚОР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

04

ҚОЛ ЖҮМСАҒАНДАР 10 ТӘУЛІККЕ ҚАМАЛАДЫ, ҚАЙТАЛАП ҰРҒАНДАР ҮШІН ҚАМАУҒА АЛУ МЕРЗІМІ 15 ТӘУЛІКТЕҢ 20 ТӘУЛІККЕ ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛАДЫ, ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖЕҢІЛ ЗИЯН КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН 15 ТӘУЛІККЕ, ҚАЙТАЛАП ЖАСАҒАНЫ ҮШІН 25 ТӘУЛІККЕ ҚАМАУҒА АЛУ ТҮРІНДЕ ЖАЗАЛАНАДЫ

05

ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТІҢ 106 (ДЕНСАУЛЫҚҚА АУЫР ЗИЯН КЕЛТІРУ) ЖӘНЕ 107 (АУЫРЛЫҒЫ ОРТАША) БАПТАРЫНА «КІНӘЛІГЕ МАТЕРИАЛДЫҚ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ТӘУЕЛДІЛІКТЕГІ АДАМҒА ҚАТЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ» ДЕГЕН САРАЛАУ БЕЛГІЛЕРІ ЕНГІЗІЛДІ

06

ЕГЕР БҰРЫН 106-БАП БОЙЫНША 3 ЖЫЛДАН 8 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨЗДЕЛСЕ, БҮГІН 6 ЖЫЛДАН 10 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛАДЫ



Нұрлайым ЖАҚЫПҚЫЗЫ

ЖАЛҒАН ЖАҢАЛЫҚТАР ТЕРМИНІ

Жалған жаңалықтар бұқара халықтың санасын улап, адасуға алып келеді. Қазіргі заманғы тілмен айтқанда, осыған байланысты «фейк-нюс» (fake news) термині қолданылып жүр. Әуелі осы терминге тоқталып өтсек.

Фейк-нюс – нақты жаңалық ретінде ұсынылған жалған ақпарат. Бұған шынайы фактілерді әлсірететін болмашы дәлсіздіктер де, басылымдар мен орталық арналардағы бұқаралық ақпарат құралдарының ашық өтіріктері де кіреді. Дәл осындай қарапайым оқырман немесе көрермен кездесетін үлкен «алдау» ағынының пайда болуына теледидар немесе интернетті кінәлауға болмайды.

Фейк-нюс бұдан бұрын да болған құбылыс. Адамзат жазуды және хабар-ошар таратуды үйренгеннен кейін оны өз пайдасына пайдалануға да тырысқан. Мысалы, тарихты мемлекеттік деңгейде қайта жазудың алғашқы әрекеттерінің бірі біздің дәуірімізге дейінгі XIII-XIV ғасырлардың басында болды. Мысыр мен Хетт патшалығының әскерлері бейбітшілікке келіп, Кадеш шайқасын теңдей аяқтады. Екі жақ та жеңімпаз болған жоқ. Алайда, болашақта әр тарап соғыстағы жеңісті өзіне бұрып, ол туралы тақтайшалар мен сарайлардың рельефтерінде жазып кеткен еді. Мұндай анық емес, жалған жаңалықты тарихта қалдыру жағдайлары адамзат тарихында әу бастан байқалған. Қазіргі күнмен салыстырғанда, ондағы жалғыз айырмашылық тарату әдісінде болып тұр. Егер бұрын жаңалықтар тасқа бедерленген болса, одан соң қайың қабығы мен қағазға, содан кейін радио, теледидар және интернет ресурстарына ауыстырылды.

Ақпараттық технологияның дамуы тексерілмеген жалған ақпаратты кең аудиторияға таратуға мүмкіндік береді. Егерде бұрынғы жаңалықтарды кәсіби мамандар бақылаған болса, дәл қазіргі әлеуметтік желілер мен жедел хабар таратушылар ол үрдісті бұзды.

Бүгінде кез келген адам тікелей эфирге шығып, подкаст жасай алады немесе ақпараттық мәтінді де кедергісіз жаза береді. Ал, бұл жалған жаңалықтардың бұрынғыдан да көбеюіне жол ашып отыр.

ЖАЛҒАН ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Жалған ақпарат құралдарын кім және не үшін жасайтынына қарай жалған жаңалықтың бірнеше түрі бар. Соның ішіндегі ең негізгісі – насихат. Насихат – көпшілікке біржақты пікір немесе саяси көзқарастарды таңу мақсатында қолданылады. Негізгі құрал – бұрмаланған не көпе-көрінеу жалған жаңалық беру арқылы халықты адастыру.

Қазіргі көп қолданылатын жалған жаңалықтардың бір түрі – кликбейт. Шулы және дөрекі тақырыптар бейтарап жаңалықтарға қарағанда аудиторияға әлдеқайда жақсы өтеді. Адамдар жанжалды сенсацияларды оқуға дайын, ал ерекше фотосуреттер көбірек қаралым жинайды. Бұл жаңалықтарды таратушылардың басты мақсаты – сайттың танымалдылығын арттыру және жарнамадан табыс табу.

Жалған жаңалықтардың келесі бір түрі – айғайшыл тақырып. Бұл кликбейтке байланысты. Одан жалғыз айырмашылығы – бұл жаңалық шын болуы мүмкін, бірақ оған назар аудару үшін мәнін бұрмалайтын айғайшыл тақырып қояды. Адамдар бір тақырыпты оқып, мақаланың өзін өткізіп жіберіп, қауесет таратады, ал бұл түсініспеушілікке әкеледі.

Бұл топтағы жаңалықтар түріне «газет үйрегі» деп аталатын жалған әңгімелер де кіреді. Ол шығармалар тек баспада ғана



емес, интернетте де жиі кездеседі. Олардың негізгі көзі – сарыжағал басылымдар. Олардың мақсаты – сайтты сатылымын немесе трафигін арттыру.

Жалған жаңалықтардың таралуына журналистердің қателіктері де себепші болуы мүмкін. Мұнда қарапайым адам факторы маңызды рөл атқарады. БАҚ қызметкерлері қателесіп, тексерілмеген көздерден жаңалықтар жариялауы ықтимал. Бірақ, өзін-өзі құрметтейтін басылым әрдайым түзетулер жариялап, қателігі туралы хабарлайды.

Жалған жаңалықтарға қазіргі жеңіл сатирда да әсер етеді. Қазіргі күнге негізделген әзіл-оспақ жаңалықтар көңіл көтеретіні рас. Олардың мақсаты – әлемде және белгілі тұлғалардың айналасында болып жатқан оқиғаларды ирониямен көрсету. Бір қызығы, ол иронияны тану өте қиын, ал ойнақы мәлімдеме нағыз сенсацияға айналуы мүмкін.

Қазіргі таңда жалған жаңалықтарға қатысты «дипфейк» термині де қолданылады. Бұл адамдарды адастырудың салыстырмалы түрде жаңа тәсілі. Сандық нейрондық желілердің пайда болуымен дипфейк кең таралды. Ол дегеніңіз, кез келген нәрсені қолдан жасай алатын бағдарламалар: дауыс, сыртқы түр немесе адамның суретін ауыстыра алады. Термин ағылшын тілінен «терең жалғандық» деп аударылады. Олар атына заты сай, жалғанды шындай көрсетеді. Мәселен, желіде президенттер мен басқа да танымал адамдардың «сөйлеген» сөздерін шындықтан ажырату өте қиын.

Міне, осының арқасында фейк-нюске кез келген жаңалықты қосарлап айта бастады. Әсіресе, саясаткерлер баспасөзде өздері туралы жағымсыз мәлімдемелерді жалған деп атауға көшті. Фейк-нюсті танымал еткен сондай саясаткерлердің алдыңғы қатарында АҚШ-тың 45-ші президенті Дональд Трамп есімі жиі аталады.

2018 жылы Ұлыбритания үкіметі газеттер мен ресми құжаттардағы «фейк-нюс» терминіне тыйым салды. Барлығына кінәлі – тым түсініксіз ұғым. Оның орнына олар «дезинформация» – жалған фактілерді қасақана тарату және «жалған ақпарат» – алдау

мақсатында емес, қателесу арқылы жасалған ақпаратты пайдалануды жалғастыруда.

ФЕЙК-НЬЮСКЕ ТОЙТАРЫС БЕРЕР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОБАЛАР

Интернет заманында түрлі ақпараттық сайттардың, әлеуметтік желілер мен Ютубтің (YouTube) қарыштап дамыған уақытында Қазақстан да фейк-нюстің астында қалғаны рас. Бүгінде «Жалған жаңалықтармен қалай күресеміз?» деген сұрақ медиа саласында жүргендерді де, көзі ашық қарапайым жандарды да, мемлекеттің өзін де ойландырып тастады. Қазақстанда фейк-нюспен күресу мақсатында Stopfake.kz жобасы қолға алынды.

Stopfake.kz жобасы интернетте жалған ақпараттың таралуын тоқтату, сонымен бірге түсінбеушілік пен қате түсініктерді азайту үшін құрылған. Жобаның негізгі мақсаты – оқырмандарға сыни тұрғыдан ойлаудың маңыздылығын еске түсіру әрі фейктер қалай және не үшін жасалатынын түсіндіру.

Интернетте бірдей миссиясы бар көптеген ұқсас сайттар кездеседі. Жалғандықпен күресетін және оқырмандарды алдауға ұрынбай, ақиқатты тануға үйрететін ресурстар неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы. Stopfake.kz қалай жұмыс істейді? Ол әуелі қате әрі жалған хабарламаларды тауып, тексеруге алады. Одан кейін бұл ақпаратты растау, түсіндіру, не болмаса жоққа шығару керектігін анықтайды. Ол үшін Stopfake.kz тексеруге алған ақпаратының алғашқы дереккөздерін табады. Бұл интернеттегі немесе офлайн БАҚ-тағы жарияланымдар, хабарламалардағы адамдар мәлімдемесі болуы мүмкін. Stopfake.kz олардың қоғамда қандай резонанс тудырғанын әрі оқырмандардың оны қалай қабылдағанын анықтайды.

Елімізде сенімді ақпарат алуға көмектесетін тағы бір жоба жұмыс істейді. Factcheck.kz ресурсының пайда болуы оқырмандарға сенімді дереккөзден тексерілген тәуелсіз ақпаратты алуға мүмкіндік беріп,

ұраншыл мәлімдеме жасайтындарға тосқауыл болуға тырысады. Мұндағы тәжірибелі мамандар ең әуелі ақпарат желісінің шынайылығына мән береді.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ НЕГЕ КЕРЕК?

Жалған ақпаратты әркім әртүрлі қабылдайды. Ал, оған қарсы тұратындардың да «иммунитеті» әрқалай болуы мүмкін. Мамандар толассыз ақпарат ағынында әр адамның сыни тұрғыдан ойлауы ғана фейк-нюсқа қарсы тұра алатынын айтады.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Қарапайым тілде айтсақ, сыни тұрғыдан ойлау – бұл өзіңізге, біліміңізге және барлық ақпарат көздеріне күмәнмен қарау. Сыни тұрғыдан ойлаудың екінші амалы – фактілердің қисындылығын әрі дұрыстығын тексеруге бағытталған сұрақтарды өз-өзіне табандылықпен қоя білу.

Сыни тұрғыдан ойлау алдымен сенім мәселесіне келіп тіреледі. Оны қолдану үшін адам өз бойындағы интеллектуалды шектеулер мен кемшіліктерді мойындау қажет. Адам білім деңгейі мен сапасына, жеке жа-

не кәсіби жетістіктеріне қарамастан, өз білімі мен дағдыларының айтарлықтай шектелуіне сену керек. Бұл шектеулердің орнын толтыру үшін адамға сыни тұрғыдан ойлау тәжірибесі қажет болады. Кез келген адам соған дағды қалыптастыруы шарт.


Кез келген жанды жалған ақпарат ағынынан қорғауға арналған құралдардың бірі – сыни тұрғыдан ойлау. Кең мағынада алғанда, сыни тұрғыдан ойлауды дәлел мен фактілерді тексерусіз ештеңені қабылдамай, бәріне сенімсіздікпен қарау туралы көзқарас деп түсінуге болады. Жүйелі күмән әдісі XVII ғасырда француз ойшылы Рене Декарттың философиясына негіз болды, ал қазіргі XXI ғасырда ол жаңа құндылыққа ие болғаны сөзсіз.

Сыни көзқарасқа ие болу – жалпы үшін қажетті шарт. Ол үшін алдымен не болып жатқанын түсінуге көмектесетін әдістер мен амалдар қажет. Алдымен дереккөздерді тексеруден бастау керек.

Екінші қадам – ұсынылған ақпараттың өзіне қайшы келетінін не келмейтінін талдау. Мазмұн оған жатқызылған дереккезге қаншалықты сәйкес келеді? Көбінесе ақпараттағы қайшылық оның сенімсіздігін білдіреді. Сондықтан қорытындылау логикасына назар аударған жөн.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Жалған жаңалықтардың ең әйгілі түрі насихат екенін жоғарыда айтып өттік. Ақпараттық насихат кейде белгілі бір топтардың негізгі құралына айналып, халықты жаппай адасуға алып келуі ықтимал. Ондай жағдайлар тарихтан да белгілі. Кезінде фашистік Германияда әскери қызметкерлер мен көп қараның адасуына жаппай жүргізілген насихат себеп болған еді. Ол адамдардың миын улап тастағаны сонша, тіпті миллиондаған жанның өмірін қиюға алып келді. Манипуляцияға малданған, мотивацияға алданған фашистер жеңілістен кейін де өздерін ақтап алуға тырысқан екен. Әйтсе де, жалғандықтың соңы оларды орны толмас өкінішке соқтырды. Кез келген жалғандық түбінде ашкере болатыны анық. Бірақ, оған дер кезінде тосқауыл қоймаса, салдары қалай болатыны тарихтан да көрініп тұр.





– Аталған ұйым біздегі жағымпаздықтың зор қарқынмен дамуын демократияның жарқын көрінісі деп дұрыс бағалап отыр. Ал, бізде керісінше жағымпаздықты нашар, теріс қылық ретінде түсінеді, – деп әңгімесін жалғады Қисық Түзелмесұлы, – біз батыстан көп нәрсе үйренуіміз керек. Соның бірі – сөз бостандығы. Оларда кім не айтамын десе де өз еркі. Бізде де жағымпаздар не айтамын десе де, қалай сөйлеймін десе де өзі біледі. Оларға да ешқандай шек қойылмайды. Қойылмағаннан бұрын бізде олар үнемі ынталандырылып, жігерлендіріліп, шабыттандырылып отырады. Сөз бостандығы дегеніміз осы, демократия дегеніміз осы!

Мырзалар, бүгінгі жарыс «сырт көздердің» назарында болғандықтан және олар бізді қайыршы ел екен деп ойламын әрі қайда «шашылмай» жатқан ақша деп «жағымпаздық» министрлігінен конкурс жүлдегерлеріне жүз елу миллион теңге бөлдірдік. Бас жүлде – жүз миллион теңге. Қанеки, ду қол шапалақтап жіберейік, мырзалар!

Мырзалар, бүгінгі жарысқа елімізге өте танымал, жағымпаздық атақтары اسپандап кеткен қаладағы екі «дүлейді» қатыстырып отырмыз. Енді жарысымызды бастайық. Жарыс шарты бойынша қатысушылар өз бастықтарын мінез-құлқы, ата тегі, адамгершілік қасиеттері және басқа да ерекшеліктері туралы қысқаша кезектесіп мадақтаулары керек. Бірінші сөйлеу кезегі қаланың Шығайбай ауданының «құрметті» жағымпазы, жағымпаздық ғылымдарының докторы, академик Бұзаубай Құлжабайұлына беріледі.

– Ассалаумағалейкүм алтыннан ардақты, күмістен салмақты, арыстаннан айбатты, жолбарыстан қайратты, өз ісінің тұлпары, жігіттің нағыз сұңқары Қисық Түзелмесұлы, – деді мінбеге көтерілген Бұзаубай.

– Тоқтай тұрыңыз, – деді оған Қисық, – сіз мені емес, өз бастығыңызды мақтаңыз. Тақырыптан ауытқымаңыз. Мен мақтағанды жақтырмаймын.

– Уа, кемеңгерім, теңдесі жоқ асыл биім, мен үшін бүгінгі бас қазылыққа сіздей тау суындай таза, әділ, шыншыл, парасатты адамның сайлануы жүрегіме нұр құйып, кеудемді шексіз қуанышқа бөлеп тұр. Сізбен бір заманда, бір мезгілде өмір сүру, сіздің айналаңызда жүру, сіз жұтқан ауаны жұту, сіздің қасиетті қолыңызды сүю мен үшін, мен үшін ғана емес, бүгінгі ұрпақ үшін шексіз мәртебе.

– Бұзаубай Құлжабайұлы, қайталап айтамын, сіз мені емес, өз бастығыңызды мақтаңыз. Тақырыптан ауытқымаңыз.

– Ау, халайық, – деп Бұзаубай залға қарап айғай салды, – әділдігін өздеріңіз айтыңыздаршы. Өмірде осындай қарапайым, осындай кішіпейіл адам көрдіңіздер ме? Өзі қала әкімі бола тұрып, өзі «халықаралық маңызы зор», бас жүлдесі жүз миллиондық үлкен жарысты басқарып отырып, мені мақтама, өз бастығыңды мақта дейді. Бұл кішіпейілдіктің ең жоғарғы үлгісі, бұл парасаттылықтың шырқау шыңы. Мұндай керемет қасиет қайсымыздың бойымызда бар? Бұрын-соңды осындай ұлы адамды көргендеріңіз бар ма? Жасасын ұлылық, жасасын Қисық Түзелмесұлы!

– Рақмет, – деді Қисық, – менің бойымдағы азыр көпті қасиеттерімді тап басқаныңызға. Енді сәл кідіре тұрыңыз. Келесі сөзді «Көктемес» ауданының «құрметті» жағымпазы, ғылым кандидаты Жартыбас Шақшабасұлына берейік.

– Ассалаумағалейкүм, о, әулием, Қисық Түзелмесұлы, – деп қышқырды енді Жартыбас.

– Неге қышқырасыз? – деді оған Қисық.

– Алдымен айқайлап, өзіңізбен дұрыстап амандасып алайын дегенім ғой. Қалайсыз «көке», аяқ-қолыңыз аман ба? Халқымыз үшін аса қымбат қасиетті денсаулығыңыз жақсы ма? Құдайдан күнде жалбарынып тілейтініміз сіздің асыл денсаулығыңыз. Айдай сұлу алтын жеңгеміз күйлі ме?

– Жартыбас Шақшабасұлы, сіз тақырыптан ауытқымаңыз!

– Тақырыптың өзі не еді?

– Өз бастығыңызды мақтау.

– О, құдай, – деді Жартыбас, – тап қазір бізге сізден артық, сізге тең келер бастық жоқ. Сіз керемет қасиетті адамсыз. Менің балаларымнан жұққан көріпкелдік қасиетім бар. Мен сіздің ішіңізге сыймай жүрген бір алапат құдіретті көріп тұрмын. Оны мен сіздің шоқтай жанған екі көзіңізден байқадым. Сіздің түпсіз терең көзіңіз, елім, жерім деп емірене соққан жүрегіңіз «айналасына» мейірімділік пен ізгілік шуағын шашып тұр. Біз сол шуақтан қуат аламыз, «гүлдейміз», жасарамыз. Рақмет, сізге! Сіз бүкіл елімізге танымал кемеңгер тұлғасыз, көреген басшысыз, ұлы саясаткерсіз. Сіз әкім болғаннан кейін тақыр жерге керемет қала орнаттыңыз. Сіз жүз жылдық жұмысты екі-үш жылда атқарып тастадыңыз.

– Сүйінші, мырзалар, сүйінші, – деді қала әкімі, жағымпаздар жарысы қазылар алқасының төрағасы Қисық Түзелмесұлы залда отырғандарға қарап, – біз бүгін елімізде бұрын-соңды болмаған қуанышқа кенеліп отырмыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының «шешімімен» дүниежүзі бойынша жағымпаздар жарысын, яғни конкурсын тұңғыш рет өткізу құрметі біздің елге, соның ішінде біздің қалаға бұйырды. Бұл үлкен жетістік, мырзалар!

ЖАҒЫМПАЗДАР ЖАРЫСЫ



– Керемет сөз, – деді Қисық, – керемет! Бірақ, бастығыңыз туралы да айтуыңыз керек еді ғой. Енді келесі сөз Бұзаубаекенде...

– Уа, данышпанымыз, теңдесі жоқ тектіміз, көз тоймас көрнектіміз, сіздің ғажап күш-қуатыңыздың, жігерлілігіңіздің, адалдығыңыздың, ұйымдастырушылық зор қабілетіңіздің, Отанға жан-тәніңізбен берілгендігіңіздің арқасында тақыр жерге қала орнатып қана қоймай, бүкіл қала халқының жүрегіне нұр құйдыңыз. Сіз құйған нұр шуақтан қаланың алжуға айналған кемпір-шалдарына ақыл кіріп, «кеуіп семіп» қалған жандары жасарып, көздеріне жас алып, сізді үнемі көргісі келіп тұрады, сағынады. Өздеріңіз шексіз алғысын, шынайы махаббатын көзбе-көз, ауызба-ауыз жеткізгісі келеді. Бірақ, сіздің алтын уақытыңызды шектеулі екенін жақсы түсінеді. Сондықтан қалаға сіңірген еңбегіңізді ескере отырып, жүздеген мың жұртшылық атынан қала орталығында нар тұлғанызды бейнелейтін зәулім ескерткіш орнатуды ұсынамын. Тек жұмысбасты болам деп шаршап қалмаңызшы, біз үшін аса қымбат денсаулығыңызды аяңыз, өтінем!

– Апыр-ай, неткен шешендік, – деді Қисық, – өзімді-өзім бағалай алмай жүр екем ғой. Ескерткіш деген керемет қой. Оны өзіңнің көзің тірі кезінде көргенге не жетсін?! Рақмет, Бұзауке! Ал, Жартыбас...

– О, бүгінгіңіз Бұқар жырауы Қисық мырза, бізде неше түрлі даналар да болған, отауызды, орақтілді шешендер де болған, көсемдер де болған. Бірақ, тап сіздей ғұлама адам болған жоқ. Сіздің қала әкімі ретінде қандастарымызға жасап жатқан қамқорлығыңызды айтып тауыса алмаймын. Осы мәселеге байланысты өткенде жасаған екі сағаттық баяндамаңызда сыртта жүрген қандастарға деген ыстық сағынышыңыз бен көл-көсір мейіріміңіз әр сөзіңізден сезіліп тұрды. Дүлиысыңыз да сондай жағымды әуенмен сұлу қыздың күлкисіндей сыңғырлап, кейде көлден ұшқан аққудай мамырлап шықты. Жан тебіренерлік сол сөздеріңізге соғылған шатырлаған шапалақ пен көзден аққан ыстық жаста есеп жоқ. Әр сөзіңіз алтын болып төгіліп жатты. Келбетті бейнеңіз көз алдыман кетпей тұрды. Екі сағаттық баяндамаңызды қалғып кетпей, бастан аяқ мұқият тыңдадым. Арасында көзіме жас алып, өзіңізге білдірмей, өксіп-өксіп жылап алдым. Адамның жанын балқытар сиқырлы сөзің, бүкіл ішкі дүниенді толқытар мейірімді дауысты алғаш рет сізден естідім.

– Бүгінгіңіз Бұқар жырауы дедің бе мені Жартыбас. Апыр-ай, артық кеткен жоқсыз ба? Адам кейде өз бойындағы қасиеттерді байқай бермейді ғой. Өксіп-өксіп жылағаныңа қарағанда жаныңыз сондай нәзік болғаны ғой. Рақмет, Жартыбас, рақмет! Ал, Бұзауке...

– Ау, жарты әлемді жаулап алған Шыңғысханның текті ұрпағы Қисық Түзелмесұлы, сіздің күш-қуатқа толы таудай тұлғаныз, жарқ-жүрқ етіп оттай жанған екі көзіңіз, Күндей жарқыраған Ай маңдайыңыз, елім, халқым деп соққан үлкен жүрегіңіз ұлы ханның ұрпағы екеніңіздің айқын дәлелі. Сіз бізге Алланың берген сыйысыз. Сізді қала халқы зар илеп, ботадай боздап жүріп Құдайдан сұрап алды. Сіздің қала халқын, қала ғана емес елімізді, елімізді ғана емес әлемді таңқалдырған кемел шешімдеріңіз бүгінгі ұрпақтың болашағы жарқын болатындығының келіпі. Сіздің дарқан даламыздай жомарттығыңызда шек жоқ. Осы жарысқа «жағымпаздық» министрлігінен қояр да қоймай жүз елу миллион теңге сұрап алуыңыз – осының айғағы. Сіз қашанда адамдарға қамқорлық жасауға бәйге атындай тыпыршып тұрасыз. Бәрімізді балапандай баптап, қызғыштай қорып келе жатқан кемеңгерсіз. Бойымызға қан жүгіртіп, жан бітірген сізсіз. Сіз өзіңіздің осындай керемет қасиетіңіздің барын сезіндіңіз бе? Жоқ, сезінбедіңіз. Өйткені, ұлы адамдар көбіне аңға келеді, ұмытшақ келеді. Өзінің ұлы адам екенін де ұмытып кетеді. Ешқашан да ұлымын деп ойламайды. Сіз де сондай ұлысыз.

– Апыр-ай, аяғымды жерге тигізбей кеттіңіздер ғой. Мен өзі мақтауды жақтырмайтын адам едім. Менің тақырыпқа айналуым ыңғайсыз болды-ау. Ал, Жартыбас...

– О, қаламызға бақ болып бұйырған Қисық Түзелмесұлы, бұл жерде сіз ыңғайсызданатындай ештеңе жоқ. Біз бар болғаны шындықты айтып жатырмыз. Сіз мың жылда бір туатын құбылысыз. Аргы-бергі заманда қала халқының басына мұндай бақ қонған жоқ. Сіздің мұхиттай терең ақыл-ойыңыздың, ғарышқа самғап кеткен арман-мақсатыңыздың, Күн жарығындай ұшқыр қиялыңыздың, мейірімділік пен ізгілікке құштар көл-көсір көңіліңіздің бүгінгі ұрпақ ақылы жетпес құпиясын жүз жылдан кейінгі ұрпақ көз майын тауысып зерттейтін болады. Сіз туралы әлі талай кітаптар жазылады. Сіздің қаланы көркейтудегі ұлан-ғайыр еңбегіңізді, қажымас қайрат-жігеріңізді жазушы біткен таласып жазарды. Ақындар «бұрқылдатып» керемет поэмалар жазу үшін тебіренеді, толғанады, «толғатады». Сіздің атағыңыз жер жарарды. Құдайым соған жеткізсін. Осы қаланы өмір бойы басқарыңыз. «Аттан» түссенің де, тақтан түспенің.

– Рақмет, рақмет, Жартыбас, айтқаның келсін. Ал, Бұзаубай...

– О, менің Қисық ағам, асыл ағам, Ешқандай қиындықтан жасымаған. Көл-көсір мақтау естіп жатсадағы, Лепіріп, масаттанып тасымаған.

О, менің әділ биім, асыл ағам, Шындықты қалай айтпай, жасыра алам. Шапқылап күні-түні дамыл таппай, Өзіңізсіз қала халқын асыраған.

– Апыр-ай, Бұзауке, өзіңіз ақын екенсіз ғой. Қалай білмегенбіз?!

– О, әулием, – деді Бұзаубай, – өзіңіздей аса мәртебелі адамның нар тұлғасы, нұрлы жүзі бойыма шабыт құйып, «қалғып кеткен» азды-көпті ақындық талантымды «оятып» жіберді. Сізге рақмет!

– Жарайды, – деді Қисық, – ал, Жартыбас...

– Қисық аға бәріміздің «көкеміз»,

Көш бастаған, жол көрсеткен текеміз.

Өсіп кетсе ойда жоқта ол «биіктеп»,

Айтыңдаршы, сонда біздер не етеміз?

Бәріміз де бір-бір дорба арқалап,

Көше кезіп, базар кезіп кетеміз.

Қисық көке, кептеңізші ешқайда,

Біз бақытқа тек сізбенен жетеміз.

– Апыр-ай, Жартыбас, сіз де ақын екенсіз ғой. Біз қалада өскен орысшылдау адамбыз ғой, әлгі текеміз деген сөзіңізді түсіне алмадым. Ал, Бұзауке...

– Жартыбас, босқа сөйлеп, ерікпеңіз,

«Құтыртып», қызыл тілді желікпеңіз.

Асқар тау, жарық жұлдыз ағамызды,

Текеге теңеп, лағып, кемітпеңіз.

Осы ма сөзден өлең толғағаның,

Ілесе алмай соңыма жолда қалдың.

Алтындай қасиетті ағамызды,

Текеге теңегенің қорлағаның.

Бұзаубай өлеңін аяқтай бергенде, Жартыбас Қисықтың «нұсқауын» күтпей, жалғастырып әкетті.

– Жағынса басшыға адам өседі ғой,

Бұзаукең көбіне артық бөседі ғой.

«Көш» бастап, «жол көрсеткен» «қиындықта»,

Теке де ешкілердің «көсемі» ғой.

Көкемді текеменен теңегенім,

Оның да көсемдігін елегенім.

Бұзауке, арамызға от тастама,

Қисекен данышпаным, көрегенім.

Бұзаубай:

– Жартыбас, теке деген мал емес пе,

Ақылсыз, маңыраған «жан» емес пе?

Сыйласаң ғұлама бұл ағамызды,

Басқа да жақсы теңеу бар емес пе?

Асылды кеміту ме мұратыңыз,

Айтыңыз, қайда кеткен ұятыңыз?

Көңілі шықтай мөлдір ағамызды,

Кешірім сұрап енді жұбатыңыз.

Жартыбас:

– Бұзауке, дүр жағымпаз сабазым-ай,

Ешкімге дәс бермейтін қазағым-ай!

Бас жүлдені алуға қызыққанмен,

Өзіңмен жарысудың азабын-ай!

Көп жылдар еліктеген «іңкәрім»-ай,

«Биіктен» саңқылдаған сұңқарым-ай.

Алыңыз бас жүлдені жеңілдім мен,

Бойына шаң жұқтырмас тұлпарым-ай!

Қисеке, осы болар шешіміңіз,

Жарқырай берсін атак, есіміңіз.

Теке деп ұйқас қуып, артық кетсем,

Жағымпаз пендеңізді кешіріңіз.

Қай жарыс ұнасын не ұнамасын,

Шын жүйрік жеңген кезде қуанасың,

Халайық, қолын сүйіп, құттықтайық,

Қазақтың жағымпаздар ғұламасын!

– Мырзалар мен ханымдар, – деді сахнаға шыққан Қисық Түзелмесұлы, – бүгінгі жағымпаздар жарысы тақырыптан ауытқып кеткенімен жақсы өтті. Жағымпаздар өз өнерлерін барынша көрсетті. Мәселе кімді мақтағанда емес, қалай мақтағанда. Жартыбастың аты Жартыбас болғанымен, ақылды бас екен. Жарысты ұшықтырмай, жеңілгенін мойындап, «сыпайы» аяқтады. Оның да сыйлығы аз емес. Отыз миллион теңге. Қалған жиырма миллион теңге осы жарысты ұйымдастырып, өткізген қазылар алқасына тиесілі. Ал, еліміздің бас жағымпазы Бұзауке, жүз миллион сыйлығыңыз құтты болсын! Өзіңізге тартқан тұлпар шәкірттеріңіз көбейе берсін! Халайық, бүгінгі жарысымызға нәр берген, сән берген жүйріктерімізді құттықтап, ду қол шапалақтап жіберейік! Жасасын, жағымпаздық, жасасын дүлдүл жағымпаздар!

Жұрт дуылдата қол соғып, «жасасын, жасасын, жасасынға» басып, айқайлап, зал ішін азан-қазан қылды.

Дамир ӘБИШЕВ,
сатирик-жазушы

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ ҰЖЫМ АЛДЫНДА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІН БЕРДІ

Дүйсенбі күні «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ қызметкерлері активі мен университеттің кәсіптік одақ комитетінің бірлескен жиыны өтті.

Басқарма Төрағасы – Ректор Гүлмира Әмірханқызы бастаған Басқарма мүшелері – Еркін Нұрсатқазы, Закир Даниярұлы, Жанар Қасымбекқызы және «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ләззат Махайқызы барша ұжымның алдында университеттің бір жылғы жеткен жетістіктері мен қаржылық есебіне толық қорытынды есеп берді.

Ұстаздар Ұстаханасының академиялық, ғылыми, стратегиялық, әлеуметтік сала-сында жасалған жұмыстары сараланып, қорытындыланды, алдағы жылға жоспарлары таныстырылды.

Жиын соңында Басқарма Төрағасы Гүлмира Әмірханқызы университет қызметкерлеріне жылды табысты қорытындылағаны үшін сыйақы беру туралы шешімге қол қойылғанын атап өтті. Сондай-ақ, көпбалалы университет қызметкерлеріне кәсіптік одақтың арнайы ақшалай сыйақысы табысталды.



6-14 маусым аралығында Астана қаласында жауынгерлік самбо күресінен жастар мен жасөспірімдер арасында Азия және Тынық мұхиты аймағы елдерінің чемпионаты өтті. Дүбірлі додаға 30 мемлекеттен келген 600-ге жуық кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін спортшылар қатысты.

Сайдың тасындай іріктелген спортшылар сыналған сайыста бабы мен бағы келіскендердің жұлдызы жанды. Азия және Тынық мұхиты аймағы елдерінің чемпионатына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық институты «БВ04202-Құқық» мамандығының 3-курс студенті Тамирлан Қабдрахманов та қатысып, 79 келі салмақ дәрежесінде тұғырдың ең жоғары сатысына көтерілді.

Абай университетінің ректоры Дархан Біләлов университеттен шыққан чемпионды жеңісімен құттықтап, спорттық мансабына жетістіктер тілеп, ұстаздар Ұстаханасының арнайы сыйлықтарымен марапаттады. Тамирлан Қабдрахманов Қазақстан спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының шешімімен жауынгерлік самбо күресінен жастар мен жасөспірімдер арасында алдағы уақытта өтетін Әлем чемпионатына қатысатын болды.

**ТЕКТИ
ТЕГІНЕ ТАРТЫП
ТУАДЫ**

Әрине, кейіпкерім жөнінде сөз болғанда оның кіндік қаны тамып, балалық балдаурен шағы өткен жылдарға еріксіз тоқталуға тура келеді. Сексеннің сеңгіріне шыққалы отырған ардақты ағамыз 1943 жылы 24 шілдеде шырайлы Шымкент қаласында дүниеге келді.

Имекең сол бір артта қалған әрі өмірінде ерекше орын алатын кезеңдерді сағынышпен еске алады. Оның өзіндік себептері де бар. Өйткені, әулеттің бәйтерегі, яғни ардақты әкесі Сейдүәлі атамыз күллі ел сыйлайтын абыз ақсақалдардың бірі болған еді.

Халықтың құрметіне бөленген осынау іскер жан ұзақ жылдар бойы шаруашылық, өнеркәсіп салаларында, партия органдарында жауапты да лауазымды қызмет атқарды. Оның кезінде Алғабас (қазіргі Бәйдібек) ауданында басшы болғанын да замандастары ерекше ықыласпен әңгімелейді. Себебі, ол өзінен гөрі айнала-сындағы жұртшылық пен қарамағындағы қарапайым кісілердің мүддесін жоғары қойды.

Кешегі баланы жетім, ананы жесір еткен Екінші дүниежүзілік соғыста қанды майданның бел ортасында жүрді. Қарша бораған оқ пен лапылдап жанған оттың арасынан туған жеріне аман-есен жеңіспен оралды.

Кейбір деректер мен дәйектерге сүйенсек, көптің алғысына ие болған атамыз сонау бір жылдары Ташкент шаһарындағы педагогикалық институтында білім алған. Ғұмырының қайтара оралмас жастық шағында қатардағы мұғалім болып, халықтың ұл мен қыздарын оқытқан. Өзі Түркістан облысындағы қасиетті Қазығұрт тауының баурайында туып өскен.

Шымкенттіктер елі мен жеріне өлшеусіз еңбек сіңірген құрметті қайраткердің есімін мәңгілік қалдыру мақсатында осы көрікті қаладағы бір көшеге оның атын берді. Ал, Иманәлі Сейдүәліұлындай біртуар ғалымға жарық дүние сыйлаған аяулы анасы Гүлжәмила апамыз да жібектей мінезді, жомарт жүректі, кең пейілді, тек өзгелерге болсын дейтін кісі-тін. Ол отағасына ақылшы, ғұмырлық серік қана болған жоқ, құдай қосқан қосағы секілді педагогикалық жоғары оқу орнын аяқтаған ұлағатты ұстаз еді.

Ынтымағы жарасқан отбасының иесі майданнан туған жерге оралғанша оны тағатсыздана күтті. Жақсы келін, балаларына қамқор ана атанды. Оның бойындағы асыл қасиеттерін көру бақытына ие болған інілерінің бірімін.

Бұл ғибратты тіршілік кешкен ағамыз бен апамыздың атын атап, түсін түстеп отырғаным, осындай ұлағатты жандардан тәлім-тәрбие алған қос ұлы мен төрт қызы да өздері секілді оқығаны мен тоқығаны мол, жан сарайлары бай, парасатты мамандар болып қалыптасты.

Бір ғажабы, олардың бәрі де кәдімгі инемен құдық қазғандай ғылым жолын таңдады. Жұртшылыққа түсінікті болу үшін олардың да аты-жөніне қысқаша тоқталып өтелік.

Киелі шаңырақтың тұңғышы Мұратәлі 82 жаста. Дарынды азамат көп жылдар бойы Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде білікті жастарды оқытты. Зайыбы Мәриям екеуі қос перзенттеріне тәлім-тәрбие берді.

Аталған әулеттің көркін келтіріп, ата-анасының мақтанышы болған қыздары Перзада, Гүлзада, Шарзада, Райзадалар да жастайынан білімге құштар болып, еліміздегі беделді жоғары оқу орындарында аянбай еңбек етті.

Райзада әпкеміз бұл күндері Германияда тұрады. Сол мемлекетке танымал қазақтың іскер қыздарының бірі. Туған жерімен әрі бауырларымен байланысын үзген емес. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тілектестігін білдіріп отырады.

Табиғаты көркем қалада қатарластары секілді орта мектепті тәмамдаған соң, табанды да алдына үлкен мақсат қойған Иманәлі Сейдүәліұлы жоғары білім алу үшін сонау Новочеркасск политехникалық институтына студент болып қабылданып, оны 1968 жылы ойдағыдай аяқтады.

Қолына көптен күткен диплом тиісімен көп ойла-нып жатпастан Шымкент шаһарына келіп, оқытушылық қызметке орналасты. Осындағы бұрынғы Одаққа кеңінен танымал Қазақ химия-технологиялық институтында еңбек жолын бастап, алдымен кіші, содан кейін аға ғылыми қызметкер атанды. Ол алғашқы күннен өзінің адамдарға деген жылы қарым-қатынасы, үлкен мен кішіні қадірлей білетін кішіпейлдігі, өз кәсібін деген шексіз берілгендігі арқасында ұжымға тез сіңісіп кетті. Аспирантураны ойдағыдай тәмамдады.



**ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕ
ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА ЖҮРГЕН ТҰЛҒАЛАРҒА
ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРЫЛЫП
ЖАТҚАНЫ БЕЛГІЛІ. БҮЛ ОРАЙДА БҮКІЛ
САНАЛЫ ӨМІРІН ОСЫ САЛАҒА
АРНАҒАН ІЗДЕНІМПАЗ АЗАМАТТАР АЗ ЕМЕС.
БҮГІН МЕН ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ
ЕЛІМІЗДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН
БАСҚАРЫП, АДАЛ ЕҢБЕК, МАҢДАЙ
ТЕРІМЕН ЖҮРТШЫЛЫҚ НАЗАРЫНА ІЛІНГЕН
АКАДЕМИК, ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДА-
РЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР ИМАНӘЛІ
СЕЙДУӘЛІҰЛЫ АХМЕТОВ ЖАЙЛЫ
КӨРГЕНІМ МЕН ТҮЙГЕНДЕРІМДІ ОҚЫРМАН
ҚАУЫМҒА БАЯНДАМАҚПЫН.**



ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН ҒАЛЫМ

/ ПРОФЕССОР, АКАДЕМИК
ИМАНӘЛІ АХМЕТОВ СЕКСЕННІҢ
СЕҢГІРІНЕ СЕРГЕК ШЫҚТЫ /



**ҒЫЛЫМНЫҢ
ҚИЯ ЖОЛЫНДА ЕҢБЕК
ЕТКЕН ҒАЛЫМ**

Ата-ана үшін үйдегі балалардың бәрі бірдей. Оларды ешқашан да бөліп жармайды. Дегенмен, әрбір перзенттің өзіне тән қарым-қабілеті, өмірге деген құлшынысы мен қызығушылығы, көзқарасы болатыны ақиқат.

Үлкен әулеттің басшысы Сейдүәлі ақсақал мен шаңырақтың ырыс-берекесін келтірген Гүлжәмила апамыз кішкентайынан сүп-сүйкімді, қағылез ұлдары Иманәлінің келешегінен үлкен үміт күтті. Себебі, ол сонау мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ білімге өте зерек, жауапкершілігі мол бозбала екендігін көрсетті.

Осы мақаланы газетке дайындау барысында ағаның сыйлас әріптесі, Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің проректоры, ғылым докторы, профессор Мәлік Баймұхамедовке жолығып, тілдескенімізде ол: «Иманәлі ағаның шарапатын көрген адамдардың бірімін. Ол кісінің бойында нағыз парасатты тұлғаларға ауадай қажетті терең ой, өзіндік қайталанбас кемеңгерлік пен зиялылық қасиет бар. Одан тәлім алған жігіттерді еліміздің барлық өңірлерінен көресіз», – деп сыр шертті.

Қарындасы Гүлзаданың айтуы бойынша, кейіпкеріміздің әкесі де адал, адамгершілікті жоғары қоятын, аса сезімтал әрі бауырмал тұлға болыпты. Анасы Гүлжәмиляның да әулетте өзіндік орны бөлек-ті. Сұлулыққа құштар-тын. Суретті тағлампаздықпен салатын. Қазақтың ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына өте жетік еді. Ал, ағасы Иманәлі ес білгеннен зерек, мінезі салмақты, ішкі мәдениеті биік, қарындастары мен туған-туысқандарына қамқор, өнегелі әке, сүйікті жар, ардақты ата ретінде дараланады.

Оның өмірбаянына зер салып отырсақ, орда бұзар отыз жастан кейінгі ғұмырының бірқатар кезеңдері кең байтақ еліміздің өзге өңірлерінде өтіпті. Осы арада сөзіміз жалаң болмас үшін нақты мысалдарға жүгінеміз.

Қазақстанда өндіріс орны жетерлік. Мәселен, Павлодар шаһарын кім білмейді. Иманәлі Сейдүәліұлы арнайы жолдамамен аталмыш қаладағы индустриялық институтында бастапқыда аға оқытушы, уақыт өте кафедралар меңгерушісі, факультет деканы, оқу орнының партия комитетінің хатшысы секілді жауапты қызметтерді білгірлікпен атқарды.

Жергілікті әріптестері мен зиялы қауым оны уәдеге беріктігі, кісілік қадір-қасиеті, тапсырылған міндетіне деген адалдығы үшін өздеріне үлгі тұтты. Осындағы жылдар білікті ғалым үшін нағыз шыңдалу, қайраткерлік қырларымен танылу, ғылымдағы жетістіктерін дамыту кезеңдері болды деп нық сеніммен айта аламыз.

Ағамызбен аралас, пікірлес болған шақтардан жадымыда сақталып қалғаны – ол ешқашан орынсыз мақтанды сүймейді. Бауырмал, қолынан келсе көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созуға дайын. Мұндай ізгі ниетті азаматтар қайда болса да, айналасындағылардың ерекше ілтипатына кенелетіндігі жасырын емес.

Дарынды ғалым әрі әлемге танымал академиктің ғұмырында 1984 жылдың алар орны бөлек дер едік. Өйткені, ол сол кездегі еліміздегі жоғары білім министрлігінің бұйрығымен Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі орналаққан кеншілер қаласы – Рудный индустриалдық институтының ректоры болып тағайындалды.

Жергілікті қауым тұлғаны құшақ жая қарсы алды. Ол мұнда жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту, профессор-оқытушылар құрамына жағдай жасау, еліміздің ертені болып табылатын сту-

денттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен білім сапасын барынша көтеруге көп көңіл бөлді.

Еліміздегі алып кәсіпорындары мен өндіріс ұжымдарына әру кадрлар дайындап, институттың атақ-даңқы күллі республикамызға жайылды. Солтүстік өңірдегі жетекші техникалық жоғары оқу орнының бірегейі ретінде баршаның жадында сақталды. Осындағы жас ғалымдар диссертацияларын сәтті қорғап, біліктіліктерін жетілдірді. Ол әрқашан болашағынан үміт күттіретін жігіттерді қанатының астына алып, қамқорлық жасады. Соның нәтижесінде екі ғылым докторы мен алты ғылым кандидатын дайындады.

Оның шәкірттері де еліміздің мақтанышына айналды. Жалпы 15 мамандық бойынша тәлім алған жиырма мыңнан астам инженер Қазақстан, сондай-ақ таяу және алыс шетелдерде жемісті қызмет атқарып жатыр. Сол түлектердің арасында Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат және Мәжіліс депутаттары да бар.

Өзі де лауазымды қызметін атқара жүріп, ғылыми мақалалар жазуды тоқтатқан жоқ. Қаншама өнер-тапқыштық авторлық куәлік пен патент алды. Тынымсыз ізденістің арқасында техника ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық экология академиясының толық мүшесі атанды.

Көрнекті ғалымның талпынысы мен тың ізденістері лайықты бағасын алды. Американың Солтүстік Каролина штатындағы өмірбаяндық институты оны «Жыл адамы – 2000» етіп сайлады. Ал, Кембридждегі Халықаралық орталық ерекше қызметі үшін орденмен марапаттады.

Осыдан екі жыл бұрын ректор болған шаһардағы мәслихаттың шешімімен көрнекті ғалымға «Рудный қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Бұл да болса, оның іскерлік қасиеттеріне көрсетілген ерекше құрмет.

**АДАМ
ҰРПАҒЫМЕН
МЫҢ
ЖАСАЙДЫ**

Өзіміз әңгімемізге арқау етіп отырған Иманәлі Сейдүәліұлы зейнеткерлікке шығар алдында облыс орталығындағы академик Зұлқарнай Алдамжаров атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінде абыроймен қызмет атқарып, мұнда да өшпес ізін қалдырды.

Қазіргі таңда ол шырайлы Шымкент қаласында тұрады. Замандастары оны өнегелі отбасының бәйтерегі әрі тірегі ретінде өздеріне өнеге етеді. Елу бес жылдан астам бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқан зайыбы Зәуре жеңгеміз де оңтүстік өңірде туып өскен.

Отағасына сенімді серік болған инабатты қазақ қызы педагогикалық институттың түлегі, ұлағатты ұстаз. Білікті оқытушы ретінде жастарды ізгілікке, мейірімділікке, Отанын шексіз сүйуге тәрбиеледі.

Ерлі-зайыптылар қос перзенттерін жастайынан еңбекқорлыққа, білімділікке, ұлтымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін терең меңгеруге, өз елінің тарихы мен мәдениетін қадірлеп қастерлеуге, ана тілдерін ардақтауға баулыды.

Халықта «Не ексең, соны орасың» деген дана сөз бар. Балаларыңа шыр етіп дүниеге келгеннен бастап берген тәлімің мен көрсеткен үлгі-өнегені жылдар өте өзінің мәуелі жемісін бермей қоймайды.

Иманәлі ағамыз бен Зәуре жеңгеміздің тұңғыштары Нұралы атасы Сейдүәлінің өзіне айтқан мағынасы терең сөздерін зердесіне құйып, көкірегіне тоқыды. Ұлтымыздың барлық құндылықтарын бойына сіңірді. Ол немересінің болашағына нық сенді. Өскенде алтын асықтай ұрпағының ұлтын сүйетін, елжанды азамат атанатынына күмән келтірмеді. Бұл айна қатесіз шындыққа айналды. Орта мектепте тиянақты білім алған алғыр ұл Мәскеу қаласындағы басқару институтын үздік аяқтады. Оны аяқтағаннан кейін бірқатар жауапты қызметтерде өзін жан-жақты көрсетті. Ол қазіргі таңда өз саласында әбден шыңдалған, тәжірибелі кәсіпкер. Оның сүйіп қосылған жан-жары Фируза Шымкент медициналық академиясының түлегі. Білікті фармацевт. Мінезі жайдары, ата-енесін өз әке-шешесіндей құрмет тұтады. Бұл күндері ерлі-зайыптының төрт баласы бар.

Үлкендері Маулен жоғары білімді логистика маманы. Одан кейінгі Айдана Лондондағы университетті тәмамдады. Қазір сонда тағлымдамадан өтіп жатыр. Ал, Айнур сол елде мектепті аяқтады. Енді жоғары білім алуды армандайды.

Үйдің сүт кенжесі Алидар Қостанай қаласындағы гимназияда оқиды. Ана тіліне жетік. Бұл перзенттері де өзге бауырлары секілді туған жерінің нағыз жанашыр тірегі атанары даусыз.

Имекеңнің сүйікті қызы Айгүл де ата-анасынан жастай ұлағатты тәрбие алғандығын дәлелдеді. Орта мектептен кейін ол да ағасы Нұралы секілді Мәскеу қаласындағы беделді оқу орнында білім алды. Ата-анасының сенімін ақтау үшін аянбай еңбек етіп келеді. Ол бұл күндері Алматы қаласындағы елімізге танымал бір жоғары оқу орнында студенттерге заман талабына сай дәріс береді. Экономика ғылымдарының кандидаты. Күйеуі Руслан кәсіпкер. Екеуі жарасымды жұп. Тұңғыштары Мейірман шет елде оқыды. Жеке шаңырақ көтерді. Нұржан да білікті маман. Бұл күндері Нью-Йоркте тұрады. Мирас та еңбекқор. Ол Еуропада, Рания Алматыдағы гимназияда білім алып жатыр.

«Әкенің асқар тау екенін босқа айтпайды. Қарындасымыз Айгүл екеуіміз әкеміздің алдында мәңгі қарыздармыз. Ол анамызбен бірге біздің жан-жақты маман болып, өнегелі отбасы атануымызға барлық мүмкіндікті жасады. Немерелерінің бойына қазақты дәстүрімізді сіңіріп, зиялылықтың нұрын септі. Олар да негізгі жұмыстары мен оқуларында жоғары нәтиже көрсетіп, ата-әжелерін қуантқанша асығады», – дейді Нұралы.

Туған елінің мақтаныштарына айналған Иманәлі ағамыз бен Зәуре жеңгеміз қос перзентінен сегіз немере сүйді. Олар Шымкенттегі қара шаңыраққа жиналғанда ерекше шадыман-шаттықты бастан кешеді. Ата мен әке үшін одан артық бақыт бола ма?!

«Құда мың жылдық» деседі. Кейіпкеріміздің бір құдасы Жеңісбек аға да жылдан жылға гүлденіп келе жатқан шырайлы қала Шымкенттің байырғы тұрғыны. Ол да кезінде талай жауапты да лауазымды қызмет атқарған тұлға. Биыл мерейлі 75 жасқа толды.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» демей ме?! Көрнекті ғалым, кемеңгер қайраткер Имекең кешегі өзінен дәріс алған әрі шапағаты тығыз шәкірттерінің табыстары жайлы жылы лебіз естисе, мерейі өсіп, өмірінің мәнді де мағыналы өтіп келе жатқанына шүкіршілік етеді.

Оразалы ЖАҚСАНОВ,
Қазақстанның мәдениет қайраткері

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ



■ Реформаға дейін конкурстан әрбір төртінші үміткер сүрінбей өтсе, қазір он төрт кандидаттың біреуі ғана судья қызметіне кіреседі

СОТ РЕФОРМАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМІН АРТТЫРА АЛА МА?

Жансая ШЫҒЫСХАН

СОТТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН РЕФОРМА

Сот реформасы шеңберінде елдің сот жүйесін жаңғырту бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, жаңа заңдар қабылданды әрі қолданыстағы заңнамаға отыздан астам толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Сол өзгерістердің ішінде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заң, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс, Сот жүйесі туралы Конституциялық заңға түзетулер пакеті бар. Жоғарғы сот аппараты реформаланды, барлық деңгейдегі судьяларды іріктеу бойынша конкурстық процесс қайта қаралды, заманауи цифрлық шешімдер енгізілді.

Судьялар корпусын кадрлық қамтамасыз ету бойынша реформаның мақсаты – жаңа қызметкерлерді іріктеуді жетілдіру және қазіргілерін бағалау жолымен судьялардың кәсібилігін арттыру, сырттан келетін кәсіпқойлар үшін «кіру көздерін» құру және жол берілген бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту. Судьяларды тағайындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған жаңа құралдар, оның ішінде тек білікті кадрларды қабылдауды қамтамасыз ететін сүзгі (кандидаттардың аттарын шифрлау, психологиялық тест, шешім қабылдау орталықтарының бірін жою, эссе жазу, кейстік міндеттерді шешу, кандидаттармен сұхбат) қабылданды.

Судьялардың кәсібилігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған ауқымды жұмыстардың нәтижесі қазірдің өзінде

көріне бастады. Мысалы, реформаға дейін сот қызметіне ашылған конкурстан әрбір төртінші үміткер сүрінбей өтсе, қазір он төрт кандидаттың біреуі ғана судья қызметіне кіреседі. 2018 жылға дейін жыл сайын орта есеппен 230 адам судья болса, бүгінде олардың саны 70-тен аспайды. Осылайша, саны көп, сапасы жоқ судьяларға тосқауыл қойылды.

2019 жылы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия құрылды. Оның міндеті – қазіргі судьялардың кәсіби қасиеттерін, қызметінің этикалық құрамдас бөлігін бағалау әрі талдау. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша Жоғарғы соттың бұрынғы төрағасы Жақып Асанов соңғы бес жылда әрбір бесінші судья (475 адам) қызметтен босатылғанын, лауазымы төмендетілгенін не жазаланғанын айтты.

2019 жылы тәжірибелі заңгерге сот жүйесінен тыс судья болуға мүмкіндік беретін заңнамаға түзетулер қабылданды. Аудандық деңгейдегі судьяларды конкурстық іріктеу жағдайында прокурор немесе адвокат лауазымында арнайы еңбек өтілінің міндетті түрде болуы туралы талап алынып тасталды, ал заңгерлік еңбек өтіліне қойылатын жалпы талап он жылдан бес жылға дейін төмендетілді.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШҚАН ЖАҢА КОДЕКС

Бес жыл бұрын басталған сот реформасы судьялардың ең жоғары бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Осылайша, Сот төрелігі мен резерв жөніндегі комиссия Жоғарғы соттан Жоғары сот кеңесіне берілді. Бұл судьялардың қызметіне бұрын айтылғандай ашық және барабар бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бе-

реді. Облыстық соттарда жасырын дауыс беру енгізілді. Ол судьяны теріс қылықтары үшін жазалауға бастамашылық етеді. Облыстардағы жеті судьядан тұратын төралқалар жойылды.

Судьялардың жалақысы орта есеппен екі есе өсті, бұл кәсіптің беделін арттырып, салаға жаңа қузыретті кадрларды тартып қана қоймай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша төмендетеді. Келесі жылдан бастап соттарды қаржыландырудың жаңа моделі енгізіледі. Барлық аппараты ұстауға арналған республикалық бюджет шығыстарының кемінде 6,5 пайызы қарастырылады. Қаржыны бөлу және жалақы мөлшерін анықтау үшін барлық деңгейдегі судьялардың қатысуымен кеңейтілген пленарлық отырыс өтеді.

Сот төрағаларының осы лауазымында қызмет етуінің ең ұзақ мерзімі 10 жылға дейін қысқартылды. Реформаға дейін олар бұл позицияны 20-30 жыл бойы иеленіп отыратын. Сондай-ақ, төрағалар істерді бөлу құқығынан айырылды. Бұл сот процесінің ашықтығы мен әділдігін арттырады.

Соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды кезеңі судьяларға күштік органдардың қысымын төмендетуге және қылмыстық процесте бәсекелестікті дамытуға бағытталған тетіктерді енгізу бойынша жұмыс болды. Мысал ретінде судьялардың бұрынғыдай облыстық прокуратураға емес, бас прокурорларға қатысты тергеу жедел-іздістіру іс-шараларын санкциялау тетігін айтсақ болады.

Әлемдік озық тәжірибе мен халықаралық стандарттарды ескере отырып құрылған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енді. Аталған кодекс 2021 жылы «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» жаңа парадигмасын енгізді. Ол мемлекеттік органдардың қатысуымен болған істерде азаматтарға қарсы айыптау-



СОТ ЖҮЙЕСІ – ДЕМOKPATИЯЛЫҚ ҚOҒAMНЫҢ НEГІЗІ. ЕЛІМІЗДЕ БОЛЫП ЖATҚAН ТҮРЛІ САЛАДАҒЫ РЕФОРМАЛАР ДА КҮРДЕЛІ САЛАНЫ АЙНАЛЫП ӨТПЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨЗІНІҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖОЛДАУЛАРЫНДА ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУДА ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМА-СЫЗ ЕТУДЕ СОТ РЕФОРМАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРА-ТЫНЫН АЙТЫП ЖҮР. ПРЕЗИДЕНТ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫН ҚАЛАЙТЫН СОТ САЛАСЫНДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ТЕК АЙТЫП ҚАНА ҚOЙҒАН ЖOҚ, ҚOЛДAНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ, СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛУҒА МҮҰРЫНДЫҚ БОЛДЫ. СОНЫҢ АРҚАСЫНДА СОТ ЖҮЙЕСІНЕ БІРАЗ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНДІ. ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР «QAZAQ» ГАЗЕТІ БҮГІН СОТ САЛАСЫНДАҒЫ СОНЫ ҚАДАМДАРҒА ТOҚТАЛАДЫ.



ды өзгертті. Бұл соттарға халықтың және бизнестің сенім деңгейін едәуір арттырды. Өйткені, мемлекеттік органдар істерден ұтыла бастады. Қазір бұл көрсеткіш 60 пайыздан асады, ал бұған дейін олар істердің тек 15 пайызында ғана ұтылатын еді. Демек, жаңа кодекс жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

АДВОКАТУРА ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫН АШҚАН ЖАҢА ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ

Адвокатураға келсек, бұл – азаматтарға тиісті құқықтық қорғауды, сотта сапалы көмек көрсетуді қамтамасыз ететін маңызды құқық қорғау институты.

2018 жылғы 5 шілдеде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңның қабылдануымен азаматтардың кәсіби және сапалы заң көмегіне конституциялық құқығы нығайтылды. Заң сот процесінде адвокаттың негізгі рөлін анықтады, оның іс жүргізу өкілеттіктері күшейтілді, заң кеңесшілері институты белгіленді, адвокат пен мемлекеттік айыптаушының институционалдық теңдігін сақтау тетіктері енгізілді.

Республикалық адвокаттар алқасы мен республикалық заң консультанттары алқасының сенімгерлік басқаруына «Е-заң көмегі» бірыңғай ақпараттық жүйесі берілді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

«Сот түзелмей – халық түзелмейтін» алға тартқан Міржақып Дулатұлы: «Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор», – деп кесіп айтқан. «Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе, үлкен аяққа тар етік кигенмен бірдей». Бұл пікірдің де иесі – Жақан. Қарға тамырлы қазақтың жарқын болашағы үшін жанын берген Алаш арысының пікірлеріне ешкім қарсы уәж айта қоймас. Өйткені, оның жүз жыл бұрынғы айтқандары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сотқа қатысты сын бұрын да көп айтылатын, қазір де аз айтылмайды. Президенттің биліктің сот тармағын жетілдіру үшін түбегейлі жаңа әдістер енгізу керектігін айтып жүргеніне де біраз болды. Бүгінде халықтың сотқа деген сенімін арттыру мақсатында ауқымды реформа жүзеге асып жатқанын, қазірдің өзінде нақты нәтижелер барын жоғарыда жаздық. Енді халықтың алғысын арқалар төрелігі тура сот жүйесінің де, «тура биде туған жоқ» ұстанымдағы әділ соттардың да ауылы алыста болмас. Әділетті Қазақстанда өмір сүргісі келетін халықтың күтіп отырғаны да осы.

Мүшелік жарналарды төлеу кезінде адвокаттар мен заң кеңесшілерінің кейбір санаттарына жеңілдіктер белгіленді. Бұрын әділет органдарынан босатылған кандидаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың заң қызметтерінде 10 жылдан астам тәжірибесі бар адамдарды заң кеңесшісі ретінде аттестаттаудан босататын нормалар алынып тасталды.

Бұл шаралар тәуелсіз адвокатура институтын және заң консультанттарын дамыту мен нығайтуға мықты серпін берді. Осылайша, биыл адвокаттар қауымдастығы Жоғарғы сотта екі резонансты істі жеңіп шықты. Айталық, А. Мұхамедьяровты адвокаттық лицензиядан айыру туралы (заңсыз деп танылған төменгі соттардың шешімдері жойылды) және мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы шеңберінде адвокаттардың жұмысын тарифтеу туралы (Жоғарғы сот төменгі соттарды минутына тарифтеу туралы шешімдерді заңсыз деп тани отырып, олардың жұмысын сағат бойынша тарифтеуге міндеттеді) істерде адвокаттардың мерейі үстем болды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Биыл республикалық адвокаттар алқасы «Жаңа Қазақстан – жаңа адвокатура» атты адвокатураны дамыту тұжырымдамасын дайындады. Оны іске асыру барлық мүдделі институттардың тығыз өзара іс-қимылын қарастырады және ең жоғары деңгейде қолдау көрсетеді.

Сонында сот жүйесін цифрландыру жөніндегі жұмысты да атап өткен жөн. Заманауи ақпараттық технологиялар сот жүйесінің екі үлкен блогын – соттардағы сыбайлас жемқорлықты және олардың жоғары жүктемесін шешуге ықпал етті. Цифрлық жүйелердің арқасында істер қазір бүкіл Қазақстан бойынша соттар арасында автоматты түрде бөлінеді, бұл процестің ашықтығын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

Осымен бір мезетте сот кабинеті дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Соның шеңберінде соттардың электронды форматы енгізілді. Бүгінде сот ісін онлайн форматта бастауға және қарауға болады, құжаттар платформаға жүктеледі және кез келген уақытта процесте қатысушылар көре алады. Жоғарғы соттың ақпараттық сенсек, істердің 90 пайыздан астамы онлайн режимінде қаралады. Бұл механизм соттарға түсетін жүктемені азайтуға және процестерді ашық етуге мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, сот реформасы шеңберінде медиация институты дамуға, аудандық соттарда фронт-кеңселер құрылуға, даусыз істерді қарау тетігі жаңғыртылды, актілердің мазмұны бойынша стандарт қабылданды.

Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында сот жүйесін реформалау аяқталмайтынын және оны Жоғарғы соттан тыс мамандар жүргізуі тиіс екенін атап өтті. Сот жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты Парламент Сенатының жұмыс тобы жалғастырды, оның құрамында мемлекеттік қызметшілер, депутаттар, судьялар, қоғам қайраткерлері, құқықтанушы ғалымдар бар.

Жұмыс тобының ұсынымдары негізінде тиісті заң жобалары дайындалды, олардың арасында «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңға түзетулер пакеті және іс жүргізу заңнамасын жетілдіру, адвокаттық қызмет және заң көмегін көрсету, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі шешу мәселелері бойынша заңдар бар.

87 МЫҢ ХАЛЫҚ ТҮРАТЫН ЖЕЗҚАЗҒАНДА БИЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН 1 180 ПӘТЕР БОЛАТЫН 15 ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫН 2026 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТҮРАҚТЫ ЖӘНЕ САПАЛЫ ЭЛЕКТР-ЖЫЛУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН 100 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАР-ЖЫҒА ЖЭО-2 САЛЫНАДЫ

ЖАҢАРҒАН
ЖЕЗҚАЗҒАН
JEZQAZGAN

Дереккөз | www.gov.kz
Инфографика | Айнур Қайратбек

ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ 16,2 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН ЖЕЗҚАЗҒАНДАҒЫ «ҮЙТАС-АЙДОС» СУ ҚАБЫЛДАҒЫШЫНЫҢ ІІ КӨТЕРГІШ СОРҒЫ СТАНЦАСЫН ҚАЙТА ЖАҢАРТУ БАСТАЛДЫ


ЖЕЗҚАЗҒАНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ АШЫЛАДЫ, БІЛІМ ОРДАСЫ СТУДЕНТТЕРДІ 2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕ ҚАБЫЛДАЙДЫ

WEEKEND
WWW.QAZAQ1913.COM



• 105 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР «FORBES» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТІЗІМІНДЕ МУКЕШ АМБАНИ 13-ОРЫНДА ТҮР

ШІЛДЕДЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?



6 ШІЛДЕ КҮНІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ – АСТАНА КҮНІН АТАП ӨТЕДІ. ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН 1 ШІЛДЕДЕГІ (СЕНБІ) ДЕМАЛЫС КҮНІ 7 ШІЛДЕГЕ (ЖҰМА) АУЫСТЫРЫЛАДЫ. СОНЫҢ АРҚАСЫНДА 6–9 ШІЛДЕ АРАЛЫҒЫНДА 4 КҮН ҚАТАРЫНАН ДЕМАЛЫС. ОСЫЛАЙША, ШІЛДЕ АЙЫНДА КЕЛЕСІ КҮНДЕРІ ДЕМАЛАМЫЗ:

- 5 КҮНДІК ЖҰМЫС АПТАСЫ БОЛСА – 2, 6–9, 15–16, 22–23, 29–30;
- 6 КҮНДІК ЖҰМЫС АПТАСЫ БОЛСА – 2, 6, 9, 16, 23, 30.

АС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖБ
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

ТОП-10: АЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫНЫҢ ЕҢ БАЙ АДАМДАРЫ

01	МУКЕШ АМБАНИ / 66 ЖАСТА		87 МЛРД \$
02	ЧЖУН ШАНЬШАНЬ / 68 ЖАСТА		62 МЛРД \$
03	ЧЖАН ИМИН / 40 ЖАСТА		45 МЛРД \$
04	ГАУТАМ АДАНИ / 61 ЖАСТА		44 МЛРД \$
05	ЛИ КА-ШИНГ / 95 ЖАСТА		38 МЛРД \$
06	ТАДАШИ ЯНАИ / 74 ЖАСТА		37 МЛРД \$
07	МА ХУАТЭН / 51 ЖАСТА		35 МЛРД \$
08	РОБИН ЦЗЭН / 55 ЖАСТА		34 МЛРД \$
09	УИЛЬЯМ ДИНГ / 51 ЖАСТА		28 МЛРД \$
10	ДЖЕК МА / 58 ЖАСТА		24 МЛРД \$

Дереккөз: Forbes
Инфографика: Айнұр Қайратбек

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, естелік, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88



Осыдан тура 45 жыл бұрын сол тұстағы Югославия Астанасы Белградта өткен Әлем чемпионатында КСРО намысын қорғаған 22 жастағы Алматылық Валерий Рачков финалда шаршы алаң иесі Миодраг Перуновичтен айласын асырып, Қазақстан боксшыларының арасынан шыққан тұңғыш чемпион атанды.

■ Үлкен спорттағы мансабы 24 жасында аяқталған Валерий Рачков бүгінде Мәскеуде тұрады, кәсіпкерлікпен айналысады

ТҰҢҒЫШ ЧЕМПИОН

ЖЕТІМДЕР ҮЙІНЕН ШЫҚҚАН БАЛА ӘЛЕМ БОКСЫНЫҢ ЖҰЛДЫЗЫНА АЙНАЛДЫ

МУҢ БОЛҒАН МОНРЕАЛЬ, БАҚЫТҚА БӨЛЕГЕН БЕЛГРАД

Иә, жас боксшы үшін Монреаль Олимпиадасындағы айқастар басталмай жатып сәтсіз аяқталды. Алғашқы сайысында-ақ болашақ Олимпиада чемпионы Йохан Бахвальдтен жеңіліп қалды. Рачковтың айтуынша, ол неміс боксшысымен болатын жекпе-жекке тыңғылықты дайын болмай шыққан. Өйткені, кенесітік делегация басшылығы оған екі күндік демалыс бергендіктен, боксшы бабын жоғалтып алған.

«Командадан бөлініп қалу мен үшін қиынға соқты. Екі күндік жалғыздық мені Олимпиада атмосферасынан алыстатып тастады. Жекежайда екі күн өз-өзіммен қалғаннан гөрі командамен бірге жаттығу залында болғанда, олармен бірге жарыстарға барып, жанкүйер болғанымда бәрі басқаша болар еді. Әрине, 1976 жылға дейінгі және одан кейінгі Рачковты салыстыруға келмейді. Екі түрлі боксшы. Мен жарыс кезінде өзімді сабырлы ұстай білуді, жекпе-жектің иесі болуды, жарыста жігер мен күшті тек жеңіске бағыттауды үйренген едім», – деп өткен күннен естелік айтты боксшы.

Рас, тәжірибе жинақтаған боксшының жақсы жағына өзгергені 1978 жылы Белградта өткен Әлем біріншілігінде анық байқалды. Өйткені, ол өзінің қарсыластарын жүрістерінен жаңылдырды. Өзіне тым сенімді болды. Екі жыл бұрынғы Олимпиада ойындарында кеткен есесін қайтарды, яғни Бахвальдтен басым түсті. Шешуші жекпе-жекте біздің боксшы шаршы алаңның иесі серб Миодраг Перуновичпен жолықты.

«Жекпе-жек тең есеппен аяқталса, сөзсіз ол чемпион болар еді. Сондықтан мен бұл жүлдені ұсымынан шығармау үшін бәрін жасадым. Әрине, атақты Бахвальдті жеңуім «Олимпиада чемпионына айласын асырған боксшы осал болмаса керек» деген төрешілердің маған деген оң көзқарасын қалыптастырған болар. Жарыс қожайынымен болған финалда бес төрешінің үшеуі жеңісті маған

берді. Бірақ, менің таза жеңгеніме жанкүйерлердің де, бапкерлердің де, тіпті қарсыластың да күмәні болған жоқ», – деп еске алды Әлем чемпионы.

Валерий Рачков Алматыға қазақ боксшының тарихындағы алғашқы Әлем чемпионы ретінде оралды. Осы жеңісі үшін оған КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері атағы мен 1,5 мың рубль сыйақы берілді. Бұл қарапайым инженердің орташа жалақысынан 10 есе көп қаржы еді.

Өкінішке қарай, бұл үлкен жеңіс Валерий Рачковтың спорттық мансабындағы соңғы жетістігі болды. КСРО біріншілігіндегі қатарынан үш жеңістен кейін боксшы 1979 жылы финалда мәскеулік Александр Кошкиннен жеңілді. Олимпиада өтетін жылы да өзін көрсете алмады. Сөйтіп, 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадаға барар бойының қалғанын мысқылдай түсіндірді», – деп ойын ашық білдірді боксшы.

Сонымен, Рачковтың үлкен спорттағы мансабы 24 жасында аяқталды. Ол бірнеше жыл жұдырық түйістіргеннен кейін бапкерлікке ауысты. Мәскеуге көшіп келген соң КСРО құрамасында қосалқы жаттықтырушысы болуға ұсыныс алды. Бапкердің шәкіретінен шыққандардың арасында болашақ Олимпиада чемпионы Василий Жиров та болған еді. Қазір Валерий Рачков Ресей бокс ардагерлері қорының вице-президенті, кәсіпкерлікпен айналысады, Қазақстанға да жиі келіп тұрады.

МЕНШІК ИЕСІ «МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМУТ НӘЛІБАЕВ**

БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**

БАС РЕДАКТОР **ЖАСУЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СВИИ МАХМУДИ**

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**

КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҮР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ**

ШОЛУШЫЛАР **ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚҰСТАНАЙ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **ЕРЖАН УӘЙІС** – ЫСТАМБҰЛ (ТҮРКИЕ)

САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ – АСТАНА

САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ – ҚҰСТАНАЙ

КЕҢЕС ҰШПАЕВ – ҚҰСТАНАЙ

ГҮЛБАРШЫН СӨРСЕКЕЕВА – ҚҰСТАНАЙ

ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАН – ҚҰСТАНАЙ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, А05А106, Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 323 кеңсе

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) 505 48 48 | kazakh_2006@mail.ru

ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

Халықаралық Алматы әуежайы | Б. Майлин к-сі, №02

Алматы метрополитенінің тоғыз бекеті | «Райымбек Батыр», «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театр», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»

«Алматы-1» теміржол бекеті | Станционная к-сі, № 01

«Алматы-2» теміржол бекеті | Абылай хан даң., № 01

«Сайран» автобекеті | Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮНГІРШЕКТЕР
«Караван», «Kok tengri» (Алматы) дүңгіршектері

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР
«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ 21 000 ДАНА | **ТАПСЫРЫС № 1025 / 95**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») және «Өмір-Нұр» (Талғар, Қонаев к-сі, 18) баспаханаларында басылды

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді; Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды; Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді; 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады; Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына / тіліне жауап бермейді; Газет әр аптаның сәйесі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады

жариялану ақысы төленген мақалалар